



САЯСАТ



ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ ҰЛТ САПАСЫН НАЗАРҒА АЛДЫ

2

САРАПТАМА



«Жұмсақ күш» саясаты: ОТАНДЫҚ ТӘЖІРІБЕ

3

НАУРЫЗНАМА



ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ТӨЛ МЕРЕКЕ

6-7

ӘКІМ

ЖЕТІ ЖЫЛҒА СОЗЫЛҒАН ЖЕЛІ ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алатау ауданының тұрғындарымен кездесті

«Саялы» ықшамауданындағы №204 мектепте өткен кездесу әдеттегідей әкімнің өткен жылы тұрғындардың жағдайын жақсарту бағытында атқарылған жұмыстары туралы баяндамадан басталды. Қай салада болса да, алға ілгерілеушілік бар. Аудан тұрғындарының өткен жылғы талап-тілектері барынша орындалыпты. Десек те, жергілікті атқарушы билік өкілдеріне қойылған сұрақтар бұл жолы да аз болған жоқ. Жиында қоғамдық көлік, газ, жылу, көшелерді жарықтандыру мәселелері көтерілді.

Мәншүк
БЕКБОСЫН

МӘСЕЛЕ ОҢ ШЕШІМІН ТАПТЫ

Алатау ауданы – қаланың қарқынды дамып келе жатқан аудандарының бірі. Қаланың өңдеу өнеркәсібінің үштен бірі осында өндіріледі. Қала әкімінің айтуынша, Алатау ауданында инженерлік желіні жаңғыртуға қатысты жеті жылға созылған мәселе оң шешімін тапты.

Былтыр Алатау ауданындағы инженерлік желілерді жаңғыртуға қатысты



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

2017 жылдан бастап тұрғындарды алаңдатқан ең өзекті мәселенің бірі – «14-аумақ» ықшамауданының мәселесі шешімін тапты. Жалпы сомасы 2,7 млрд теңгеге құрылысы аяқталмай қалған 16 проблемалық көшенің су (7,5 км) мен кәріз желілері (7,5 км) толығымен ауыстырылып, асфальт жабындысы қалпына келтірілді.

Жиында қала басшысы қазіргі уақытта аудан әкімдігі тарапынан «Өжет» ықшамауданында кәріз сорғы станциясы мен 228 км-ге жететін «Алғабас», «Ша-

пагат», «Болашақ» ықшамаудандарында су мен кәріз желілерін салу жұмыстарының жалғасып жатқанын атап өтті. Бұл жұмыстар биыл жыл соңына дейін аяқталады.

«Шаңырақ-2» ықшамауданындағы жаңадан салынған желілерді пайдалануға беру үшін осы айдың аяғына дейін алты кәріз-сорғы станциясы іске қосылады. Сондай-ақ, биыл сәуірдің соңына дейін «Қарасу» ықшамауданында салынған 2 кәріз-сорғы станциясы іске қосылады», – деді Ерболат Досаев.

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҢАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №23-24 (6475) 19 наурыз, сәуір, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

НАУРЫЗ КЕЛДІ, ҚҰТ КЕЛДІ, АҒАЙЫН!



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Дархан даламызға Наурыз келді, құт келді, ағайын! Жер-әлемге көгіміздегі күн де әдеттегіден ерекше жып-жылы нұр беріп тұр бүгін. Көктем мерекесінің күдіреті осында. Наурыз – аспан денелері өздерінің бастапқы нүктелеріне келіп, күн мен түн теңелетін, жан-жануарлар төлдеп, адамдардың аузы аққа тиетін күн.

Бұл күні көңілінде кірбіні бар жандар да кешірімді болып, татуласуға ықылас білдіреді. Адамдар үйін, ауласын, айналасын тазартады. Бұлақ көзін ашады. Бір-бірінің үйіне кіріп, құттықтайды.

Наурыз күні наурыз көже пісіріледі. Оған ақтан (сүт өнімдері), көк ырыстан (дән мен жеміс-жидектер) және қызылдан (еттен жасалатын

тағамдар) жеті түрлі дәм қосылады. «Наурыз көжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады» деген сенім де ескірмек емес. Біз жақсы сөзге сенген, ізгілік атаулыға ұмтылған халықпыз.

Ертең-ақ Ұлы дала төсінде қызғалдақтар гүл ашып, Жер-анамызға қызыл кілем төселіп, табиғат та құлпыра түседі. Ол күн де алыс емес. Жақсылықтардың жаршысына айналған Наурыз құтты болсын, ағайын!

(Наурыз мейрамына арналған мақалалар топтамасын ішкі беттерден оқи отырыңыздар).

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

19.03.2024

Түнде:

+5+7 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+15+17 °C
Көшпелі бұлтты,
жаңбыр.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

20.03.2024

Түнде:

+6+8 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақыттарда жаңбыр.

Күндіз:

+12+14 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақыттарда жаңбыр.

Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz



4

БАЙЫПТАМА

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

ҰЛТ САПАСЫН НАЗАРҒА АЛДЫ

Өткен аптада кезекті Ұлттық құрылтай Атырауда өтті. Ұлт ұясы Ұлытаудан басталып, киелі Түркістанда жалғасқан ұлы дүбір жиын жез бұйдасын Атырауға барып байлауы да тегін емесі түсінікті. Даңқты Алтын Орда мемлекетінің орталығы болған көне Сарайшық жұртының іргесіне ұлыстың басын жиып құрылтай шақыру да өзіндік символдық мәнге ие. Бұл, ең алдымен, Қазақ мемлекеттілігінің тарихына қатысты ішкі және сыртқы пікірлерге деген пәрменді жауаптың бірі болды. Тек ол ғана емес, Әз-Наурыз хабаршысы сынды Амал күніне тураланып шақырылған Ұлттық құрылтайдың ұлттың төл жадысын жаңғыртуға да түрткілік рөлі болмай қалмады. Сөйтсек те, «Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы өзгесінен несімен айрықша?» деген сауал саналы жұрттың көкейінде тұрса керек. Біздің де кезекті сөзіміз сол жайында болмақ.

БИЛІК ПЕН ХАЛЫҚТЫҢ
ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Ұлттық құрылтай бұл күнде билік пен халықтың сенімді диалог алаңы болғаны белгілі. Әрі бұл алаң Мемлекет пен қоғам арасындағы пікір алмасуды өнімді жүзеге асыра алды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті құрылтай отырысында айтқаныдай, «Құрылтай – ешқашан той тойлап, әңгіме-дүкен құратын жиын болған емес, келешекте де ондай болмайды». Бұл формат күрделі ұлттық мәселелердің түйінін тауып, түйіншегін тарқататын алаң болуы керек. Әр құрылтай отырысының қандай да бір тарихи мән-маңызы болмаса, ол да «Күлтөбенің басында күнде жиын» сынды көбейді көп ресми де, бейресми басқосудан айырмасы болмайды.

Егер осы жаңа формат сенімді әрі тұрақты түрде жалғасын таба беретін болса, онда бұл болашақтағы еліміздің жаңа бір билік институты ретінде қалыптасуы да ғажап емес. Ал тура сондай болғанда ғана «құрылтай» ұғымы шын мәніндегі парламент екенін толық әйгілей алмақ. Бұған дейінгі екі реткі Ұлттық құрылтай негізінен саяси, һәм

экономикалық тақырыптар көтерді. Бұл айтулы мәселелер елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар ретінде орнықты. Бұл сол кездегі еліміздегі саяси-экономикалық жағдайдың сұранысынан туындағаны да белгілі. Ұлттық құрылтайда қозғалған кейбір тақырыптар мемлекеттік басты даму стратегиясынан да орын тапты. Айталық, былтыр Ұлттық құрылтайда сөз етілген экономиканы жаңа бағытқа бұру мәселесі кейін Мемлекет басшысының Жолдауынан мықтап орын алып, ол еліміздің қазіргі экономикалық саясаты ретінде бекіді.

Яғни осыған дейінгі құрылтайлармен бірге елімізде аз болмаған экономикалық және саяси реформалар жолға қойылып, жүзеге асырылып жатыр. Ал кезекті құрылтайдың тарихи міндеті не болмақ? Айтып өткеніміздей, бұған дейінгі құрылтай отырыстары мемлекеттік саяси, экономикалық мәселелерін негізгі талқы тақырыбы етсе, бұл рет Ұлттық сапа мәселесін негізгі нысана етті. Былайша айтқанда, жаңа саяси-экономикалық реформаларды жолға қойып және оны атқарып жатқан ұлттың заманға лайық



сапасы қандай болуы керек? Құрылтайдың негізгі күн тәртібінде қойылған сұрақ осы деуге болады.

БАСТЫ ТАҚЫРЫП –
ТҮТАСТЫҚ ПЕН БІРЛІК

Ұлттық құрылтайдың Атырауда өткен үшінші отырысында барлық қатысушылардың ең басты тақырыбында ұлттық тұтастық пен ел бірлігі тұрды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде ұлт тұтастығы мен елдің бірлігі мәселесін ең алдымен сөз етті. Әрі қазіргідей геосаяси жағдайда ортақ арман-мақсат жолында ұйысатын ұлт қана табысқа жете алатынын баса белгіледі.

Дегенмен, ұлттық тұтастық пен бірлікке кері әсер етіп отырған мәселердің бар екені де ашық талқыланды. Соның ішінде, тарихи тақырыптарға, тұлғаларға қатысты пікірталастардың өршуі, өткен дәуірге қатысты ұдайы қайталана беретін дау-дамай, әркім өз тұлғасын

ұлықтау секілді толып жатқан мәселеленің бар екені де айтылды.

Әрине, өз тарихына ресми тарихи бағасын, саяси бағасын бермеген қоғамда бұндай талас-тартыстың қайталана беретіні шындық. Әйтсе де, бүгін бір дәуірге немесе тұтас өткен ғасырға саяси баға беруге сай шарт-жағдайдың тумай тұрғаны да ақиқат. Сыртқы жағдай өз алдына бір бөлек, ішкі жағдайдан алып қарасақ та ұрпақ жаңармақ, құндылықтар толық ауыспай тұрып бір дәуірге қатысты мүлде жаңа баға ұсыну қоғам үшін үлкен жарыс алып келуі ғажап емес.

Кезекті құрылтайда ұлттық тұтастық пен бірлікті ең басты шарт ретінде ала отырып, мемлекеттік тіл, тарих, ұлттық құндылықтар, мұра мен мәдени тақырыптар да сөз етілді. Дүбірлі жиындағы негізгі сөз болған тақырыптарға қарай отырып, ұлт сапасын жоғарылату, жаңа заманға лайық жаңа

ұлттық сапаға ие мемлекетке айналу басты бағытымыз екенін тану қиын емес.

ТҮТАС ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ
ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Ұлттық құрылтай көрсеткендей, ұлтты жаңа сапада дамытуға бір ғана мемлекет тарапынан жасалған саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалары жеткіліксіз. Тәуелсіздік пен ұлттық мүддені сақтап, егемендігімізді нығайту бұл тұтас қоғамның ортақ құндылықтар төңірегінде топтасып, бірге әрекет етуі арқылы жүзеге аспақ. Қалай десек те, қазіргі дәуір бізге ұлттық мүдде мен егемендікті қорғаудың жаңа сын-қатерлерін және жаңа мүмкіндіктерін қатар беріп отыр. Осы тұста мемлекет пен қоғам ішкі жақта ортақ құндылықтарын берік ұстанған және сыртқы мәселелерде ортақ көзқараста болуы аса маңызды.

Бұл тұрасында Президент құрылтайда: «Біз біртұтас ұлт және халықаралық қауымдастықтың жауапты мүшесі ретінде ұлттық мүддемізді, егемендігіміз бен Тәуелсіздігімізді қорғауға әрдайым дайын болуымыз қажет. Бұл, әсіресе, әлемде «заңның күші емес, күштің заңы» деген қағидат үстемдікке ие болып, егемендігі осал мемлекеттердің маңдайына өзгеге кіріптар болу жазылған-мыс деген пайымға жол беріле бастаған бүгінгі заманда өте өзекті», – деген пікірін жеткізген болатын.

Яғни сапалы ұлттық дамудың негізгі бағыты – әлемдегі және өз ішіміздегі көптеген тарихи сауалдарға ортақ жауап табу, оларды ортақ шешу. Біз айтып отырған Ұлттық құрылтай да осы бағыттағы диалог алаңы болуы тиіс.

Естай
БОЖАН,
сарапшы.



САРАПТАМА

Парламент Мәжілісі:

БІР ЖЫЛДА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БОЛДЫ?

2023 жылы 19 наурызда Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттардың сегізінші сайланым депутаттарын кезектен тыс сайлауы өткен еді. Сайлаудың өзге электралды кезеңдерден бірнеше ерекшеліктері болды. Депутаттар саяси партиялар атынан ғана емес, бір мандатты округтар бойынша да сайланды. Бұл дегеніміз, кез келген азамат заңды талаптарға сәйкес болса, өзін-өзі ұсынуға құқылы. Бұдан бөлек, бюллетеніне «бәріне қарсымын» деген графа қосылды. Бүгін сайлау өткеніне жыл толып отыр. Ендеше, өткенге көз тастап, осы уақытқа дейін мәжіліс депутаттары қандай жұмыс атқарғанына тоқталсақ.

САЙЛАУ – ДАҒДАРЫСТЫҢ
БЕЛГІСІ

Мемлекеттердің бәріне тән бір ұқсастығы бар. Сайлау дағдарыстың алдында немесе дағдарыс кезінде өтеді. Электралды үдеріс дағдарысқа жауап ретінде ұйымдастырылады. Мейлі ол демократиясы дамыған, мейлі авторитарлы ел болсын. Мұндай мысалдар көптеп кездеседі. Алысқа бармай, өзіміздің саяси тарихымызды алайық. Мемлекеттік маңызды екі сайлау бар: президенттік және парламенттік. Еліміз осы уақытқа дейін 7 рет президентті таңдаған. Қазіргі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы сайлауда жеңіске жеткен. Сол жылы билік транзиті заңды түрде өтті. Сайлау саяси, конституциялық дағдарыстың алдын алу мақсатында ұйымдастырылып еді. 2022 жылы 20 қарашада өткен сайлау арқылы билік транзиті үдерісі толық аяқталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев билік транзитінің ұзаққа созылуының себебін быыл «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында айтып өтті. 2019 жылы сайлауда жеңіске жеткесін реформаларды жасауға бағдарланып едік деген Президент:

«Ашығын айтсам, осы жаңа бағдары-

мыз кейбір ықпалды адамдарға мүлде ұнаған жоқ. Олар бұл өзгерісті елімізде әбден тамыр жайған жүйеге және билік құрылымындағы өздерінің «ерекше мәртебесіне» төнген қатер деп қабылдады. Мұндай адамдар елдегі өзгеріске астыртын, кейде тіпті ашық қарсылық білдіре бастады. Ақыр соңында реформаның бетін қайтарып, өздеріне ыңғайлы бұрынғы қалыпқа оралу үшін бәрін тас-талқан етуге шешім қабылдады», – деп ықпалды топтардың бассыздығын ашық айтты.

ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ
ПАРЛАМЕНТ БОЛА АЛДЫ МА?

Парламенттің басты қызметі заң шығару. Оның ішінде Мәжілістің орны бөлек. 2023 жылға дейін Парламент Мәжілісі негізгі қызметін тиісті дәрежеде атқара алмады. VIII шақырылым депутаттары осы бағытта жұмыс істеуде. Бұл жалпылама сөз емес. Мысалы, 29 наурыз бен 30 маусым аралығында Мәжіліс қарайында 82 заң жобасы болған. Оның 51-і VII шақырылымнан қалған. 49 заң жобасына Үкімет, 33 заң депутаттар бастамашы болып жасаған.

31 заң жобасын Мәжіліс 1-сессияда мақұлдаған. Оның 14-іне депутаттар бас-



тамашы. Көріп тұрғанымыздай, Мәжіліс заң жобаларын өздері жасауда біршама жұмыс атқарған. Сол 14 заң салалар бойынша келесідей бөлінген:

- Заңнама және сот-құқықтық реформа – 6.
- Әлеуметтік-мәдени даму – 3.
- Экономикалық реформа және өңірлік даму – 2.
- Экология мәселелері және табиғатты пайдалану; қаржы және бюджет; халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік – әрқайсысы 1 заңнан.

1 қыркүйек пен 29 желтоқсан аралығындағы II сессияда Мәжіліс 35 заңды мақұлдады. Оның 11-іне депутаттар бастамашы болған:

- Әлеуметтік-мәдени даму – 4.
- Қаржы және бюджет – 3.
- Экономикалық реформа және өңірлік даму – 3.
- Аграрлық мәселелер – 1.

СОТ ТӨРЕЛІГІ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ
ТӘРТІП АҚСАП ТҮР

Мәжілістің I сессиясында азаматтардан 5174 өтініш түскен. Соның 1622-сі сот төрелігі мен құқықтық тәртіп бойынша екен.

Демек, азаматтар сот жүйесі мен құқық қорғау органдарының жұмысына көңілі толмайды. II сессияда 11 074 өтініш түссе, соның 4092-і дәл осындай сала бойынша түскен. Одан кейін әлеуметтік мәселелер мен ТКШ, тұрғын үй беру және құрылыс мәселелері бойынша түскен. Өтініштер «Е-Отініш» ақпараттық жүйесі арқылы келіп түскен.

Салалар	I сессия (5174 өтініш)	II сессия (11 074 өтініш)	Барлығы
Сот төрелігі мен құқықтық тәртіп	1622	4092	5714
Әлеуметтік мәселелер	1033	1235	2268
ТКШ, тұрғын үй беру және құрылыс мәселелері	632	1278	1910

Бір қызығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте лауазымды адамдардың әрекеті мен әрекетсіздігіне қатысты азаматтардан өтініш өте аз түскен. I сессияда – 45, ал II сессияда – 63 өтініш түсіпті.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

Халықаралық саясатта – саяси күш ұғымның мазмұны кең, мәні ауқымды. Мемлекеттің саяси ықпалы, саяси күші – әскери, экономикалық негізден бөлек, қазірде бірнеше формасы қалыптасты. ХХІ ғасырда саяси күштің, ықпалдың жұмсақ түрі қалыптасты. «Жұмсақ күш» ұғымы ХХ ғасырда америкалық саясаттанушы Жозеф Найдтың ғылыми зерттеуінде алғаш қолданып, бүгінде бұқаралық сипатта қолданысқа енді. Мысалы, Германияның сапалы көліктері, Жапонияның дәстүрлі тағамдары мен жоғары технологияға негізделген өндірісі, Голливудтың бостандық, тұлғалық еркіндік идеясын насихаттайтын фильмдері бүгінде аталған елдердің халықаралық саяси имиджін қалыптастыруда «жұмсақ күш» ретінде алымды ықпалға ие. Сәйкесінше, әрбір мемлекет халықаралық аренада өзінің жағымды имиджін қалыптастыру мақсатында ұлттық құндылықтары мен адам капиталын, өндірісін негізгі құрал ретінде пайдалануда. Қазақстанның «жұмсақ күші» қандай құндылықтарға негізделуі тиіс? Әлем жұртшылығы Қазақстан туралы естігенде алдымен ойына не келуі қажет? Мақаламызда аталған сауалдарға жауап іздемекпіз.



Дереккөз: midjourney.

«ЖҰМСАҚ КҮШ» САЯСАТЫ: ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ

• Жұмсақ күш – дәстүрлі әскери, қатқыл күшке қарағанда, ерікті, жұмсақ формада, көздеген нәтижеге тиімді қол жеткізу мүмкіндігін қамтитын күш түрі. Ұлттың мәдениеті, дәстүрі, өнері, құндылықтар жүйесі, технологиялық дамуы, спорттағы жетістіктері мемлекеттің жұмсақ күшіті қалыптастыратын негізгі құрамдас бөліктерін құрайды.

Жаһандану қарсаңындағы маңыздылық

«Жұмсақ күш» ұғымы алғаш рет Харвард университетінің профессоры Жозеф Найдтың «Bound to Lead: The Changing Nature of American Power» кітабында, қырғи-қабақ соғысы қарсаңында американдық геосаясат-тын дамуын сипаттайтын стратегия ретінде ұсынылды. Жаһандану процесі халықаралық қауымдастық аясында мемлекеттердің қоғамдық дипломатияға көптеп мән беріп, өзіндік ерекшеліктерін артықшылық ретінде қолдана білуіне жол салды.

ХХІ ғасырды ақпараттық ғасыр, себебі ақпараттың ықпалы мен ауқымы бүгінде өте жоғары. Сәйкесінше, әрбір мемлекет бойынша танымалымен бен түсінігіміз аталмыш ақпарат аясында қалыптасады. ХХ ғасырда қырғи-қабақ соғысы қарсаңында мемлекеттер әскер санын арттыру, кәсіби армия қалыптастыру бойынша жарысса, бүгінде мемлекеттер арасында технология, ғылым мен білім саласында бәсеке жоғары,

әрі тиімді. Мысалы, Америкалық Apple компаниясы мен қытайлық Huawei компания-лары арасындағы бәсеке, шығыстық «ұжымдық мәдениет» пен батыстық «индивидуализм» арасындағы тайталас ғасырдағы ХХІ жұмсақ күш қалыптастыру-дағы айқын бәсекенің көрінісі. Әскери күш мемлекеттің территориялық біртұтастығын физикалық негізде қорғаса, «жұмсақ күш» азаматтардың санасы мен жүрегін баурауға бағытталған. Халықаралық тәжірибеде жұмсақ күш алымды идеялар (үздік жоғары оқу орындары, ұлттық кинолар, К-рор, Голливуд фильмдері), ұлттық тағамдар мен сусындар (жапондық, түріктік, еуропалық асханалар), спорт ойындары (Олимпиада), дамыған технологиялық салалар (ғарышты меңгеру, жоғары технологиялы көліктер, супер компьютерлер) арқылы қалыптасып, аталмыш салада жоғары бәсеке қалыптасты.

«Brand Finance» тәуелсіз консалтинг компаниясы жыл сайын әлем елдерінің «жаһандық жұмсақ күш индексі» жариялайды. Жұмсақ күш индексі мемлекет-тің беделін, ұлттық бренд қалыптастырумен, халықаралық бастамалар мен нормаларды қатаң ұстануын, адам капиталы, тұлға қауіпсіздігі, т.б. құндылықтар аясында анықталады. Соңғы зерттеу нәтижесі бойынша АҚШ, Ұлыбритания, Германия елдері көш бастап тұр. Қазақстан елдің «жұмсақ күшінің» сыртқы әлемге ықпалын бағамдайтын жаһандық рейтинг нәтижесі бойынша 121 елдің ішінде 79-орынға көтерілді, Азия елдерінің ішінде Қазақстан 12-орында тұр. Орталық Азия елдерінің арасында көш басында. Қазақстан 2022 жылы 88-орында болса, 2023 жылғы қорытынды бойынша 36.5 ұпаймен 79-орында.

Ерекшелігі – гибридігі формада

Қазақстанда тәуелсіздік алған кезеңнен бері, халықаралық қауымдастық аясында бірнеше маңызды жобалар, елдің жағымды имиджін қалыптастырып, мемлекеттік бірегейлікті қалыптастыруда сәтті жүзеге асырылды. Қазақстандық әлеуетті жұмсақ күш түрлерін келесідей топтарға бөліп қарастыруға болады:

- Мәдениет, өнер саласындағы дарынды тұлғалардың ықпалы (Димаш феномені);
- Түркістан қаласының қайта өрлеуі – түркі өркениетінің рухани орталығы ретіндегі рөлі (мәдени-тарихи);
- Халықаралық «Болашақ» бағдарламасы жетістігі – әлемнің үздік жоғары оқу орындарында отандастырымыздың сапалы білім алу мүмкіндігін қалыптастырды (білім, ғылым саласында);
- ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілген тарихи- мәдени орындар ұлтымызды сан ғасырларға жалғасқан тарихын көрсетеді.
- Сонымен қатар, шығармашыл, қабілетті, әлемнің алып технологиялық компанияларында жұмыс жасап жатқан отандастырымыз әрқашанда нақты салаларды еліміздің «бейнесі» ретінде қызмет атқаруда.

Бұл ұлтымызды ұлы мұраттарға жеткізе-тін салалардың бір бөлігі ғана. Егер де аталған әлеуетті салаларды жіктесек, еліміз тек білім, ғылым және адам капиталы арқылы ғана емес, сонымен қатар территориялық ерекшелігімізді ескере отырып ауылшаруа-шылығы, логистика, саласында жаһандық көшбасшы болуға алқымды ықпалға ие әлеуетіміз бар. Сондықтан бүгінгі таңдағы Қазақстанның жұмсақ күші гибридігі формада.

Ұлтты білім мен ғылым өрледі

Білім мен ғылым саласы халқымыз үшін қай кезеңде болсын қастерлі ұғым болған. Бүгінде Қазақстан әлемде мыңдаған талапкерлердің білім алуды армандайтын мекеніне айналды. Қазақстан, Орталық Азиядағы батыстық стандарттар бойынша білім беретін бірден-бір ел. Өзбекстанда 81, Қырғызстанда 64, Тәжікстанда 40 және Түркіменстанда 24, Қазақстанда 124 жоғары оқу орны бар. Өткен жылдың қорытындысы бойынша, еліміздегі оқу орындарында алыс жақын шетелден 26 000 астам студент білім алуа. Бұл көрсеткіш Орталық Азия аймақтарында оқитын барлық шетелдер студенттерінен екі есе көп. Алдағы уақытта еліміз шетелдік студенттер үшін сапалы білім алуы көздейтін білім мен ғылым ордасы болып қалыптасуына алғышарттар толық қалыптасты. Ата Заңымызда

көрсетілгендей, еліміздің басты байлығы – адамдары. Еліміздің атын әлемге шығарып жүрген ғалымдарымыз, өнер иелері мен спорт шеберлеріміз жеткілікті. Алайда, еліміздің жұмсақ күші ретінде адами капитал бағытын жүйелі жолға қою үшін әрбір тұлғамызды ұлттық бірегей брендіміз ретінде қалыптастыруымыз қажет.

Халықаралық тәжірибеде «жұмсақ күш» ретінде сәтті нәтиже көрсетіп келе жатқан бағыттың бірі – туризм саласы. Мың жылдық тарихтың куәгерлері болған, Қайыңды көлі, Шарын каньоны, Бурабай қорығы сынды тұмса табиғат жауһарлары, ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне тарихи кесенелер мен орындар ұлттық мәдениетіміздің өзеге. Аталған материалдық және материалдық емес мәдени құндылықтар ұлттық брендіті қалыптастыруда рөлі әрқашан маңызды.

Алайда, қазақстандық тәжірибеде «жұмсақ күш» жағымды негізде қалыптасты-руда кедергілер де баршылық. Басты кедергілердің бірі – сыбайлас жемқорлық деңгейінің жоғары болуы. Мемлекет басшысы, Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 ж. 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған Жолдауында сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке төнер қауіп ретінде атап өтті. Халықаралық қауымдастық аясында еліміздегі сыбайлас жемқорлық деңгейінің жоғары болуы, мемлекет ретінде біртұтас жаһандық жағымды бейнесінің қалып-тасуына негізгі кедергісін келтіруде. Сондықтан осы мәселемен жүйелі күресу әрқашан ұлттық саясаттың негізгі бағдары болып отыр.

«Жұмсақ күш» саясаты жаһандану заманында әлемдік саясаттың маңызды бөлігіне айналғалы ақиқат. Бұл ретте сырттан келетін ықпалды «жұмсақ күш» саясатына қарсы ішкі иммунитет қалыптастырумен қатар, сыртқы саясатта маңызды рөл ойнайтын қазақстандық ерекшеліктерді де дұрыс пайдалана білген жөн. Қорыта келгенде, «жұмсақ күш» саясатын жүргізуде ұлттық ерекшеліктерімізді тиімді пайдалану арқылы қалыптастыру, сайып келгенде, жаһандану жағдайында алып державалардың мәдени экспанциясынан қорғар негізде қалқанымыз болмақ.



Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



Дерек көз: Asiasociety



ӘКІМ

ЖЕТІ ЖЫЛҒА СОЗЫЛҒАН ЖЕЛІ ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алатау ауданының тұрғындарымен кездесті



Мәншүк
БЕКБОСЫН

(Басы 1-бетте)

Биыл сәуір айында «Әйгерім» ықшам-ауданында кәріз-сорғы станциясын, ал «Саялы», «Боралдай» мен «Ақбұлақ» ықшам-аудандарында 87,4 км сумен жабдықтау мен кәріз желілерін салу бойынша жұмыстар жоспарланған. «Теректі» мен «Самғау» ықшам-аудандарының инженерлік желілерін дамыту аясында екі жоба түзетуге берілді. Сараптама қорытындысын алу 2024 жылдың сәуір мен тамыз айларына жоспарланған.

Сапалы сыртқы жарықтандыру

Биыл Алатау ауданындағы 284 көшеде сыртқы жарықтандыру желілері қайта жаңартылып жатыр. Жалпы 20 көшеде 1,1 мыңнан астам шам мен 8 км кабель ауыстырылды.

2023 жылы «АЖҚ» АҚ инвестициялық бағдарламасы аясында 230 км электрмен жабдықтау желілері мен 93 трансформаторлық қосалқы станцияларға жөндеу жүргізілді. Биыл 275 км электрмен жабдықтау желілері мен 73 қосалқы станция жөнделеді.

Қала басшысы атап өткендей, «Рахат», «Мәдениет» ықшам-ауданындағы электр жарығының жиі өшуі мәселесі шешімін табады. Мұнда дайындалған жобаға сәйкес жаңа электр жүйесіне екі мыңнан астам үй

қосылады. Жаңа электр желілерін салу осы жылдың маусымында басталып, 2025 жылдың мамыр айында аяқталады.

Аудандағы өзекті мәселелердің бірі – сапалы сыртқы жарықтандыру. Өткен жылы 20 көшенің 1135 жарық шамдары мен 8 км кабель ауыстырылды (шамдардың жалпы саны – 16 423). Көшелерді шаммен толық жарықтандыру үшін аудан әкімдігі 284 көшеде сыртқы жарықтандыру желілерін салу мен реконструкциялау бойынша жобалық-сметалық құжаттарды дайындауды бастады. Құрылыс-монтаждау жұмыстары осы жылдың соңында аяқталады, – деп сөзін түйіндеді Ерболат Досаев.

30 автобус жаңартылады

Былырдан бері Алатау ауданында 497 жаңа автобус пен №19 бағыт бойынша 10 троллейбус тасымалдаумен айналысады. Қала әкімінің айтуынша, 19 маршруттың құрамы толығымен жаңартылып, 7-еуі күшейтілді, қосымша 10 жаңа маршрут қосылды.

– Осы жылдың наурыз айының соңына дейін қолайлы жағдай жасау мақсатында №120 маршруттың құрамын 30 автобуспен жаңарту, сондай-ақ, 3 маршруттың (№16, 50, 123) құрамын ауыстыра отырып, 39-дан 62-ге дейін жаңа автобуспен күшейту жоспарланып отыр, – деді Ерболат Досаев.

Биыл №133 маршруттың құрамын толығымен экологиялық таза газбен жүретін 18 үлкен автобуспен жаңарту жоспарда бар.

8 мектеп салынады

Алатау ауданында әлеуметтік инфра-құрылымды жаңғырту жұмыстары жалғасуда.

Қала басшысының айтуынша, оқушы орнының тапшылығы мәселесін шешу үшін жаңа оқу жылының басында «Саялы» ықшам-ауданында 550 балаға арналған мектептің құрылысы аяқталады. Ал жыл соңына қарай «Зерделі» ықшам-ауданында 550 орынды тағы бір мектеп салу жоспарда бар.

2023 жылдан бастап Алматы әкімдігінің жобалық кеңсесінің қолдауымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыру басталды. Соның аясында №154 мектепті сүру арқылы «Самғау», «Әйгерім», «Қарасу», «Теректі», «Ақбұлақ» ықшам-аудандарында 11 500 орынды алты мектеп салынады. Жеті мектептің құрылысын 2024 жылдың соңына дейін, соның ішінде «Алғабас» ықшам-ауданында да аяқтау жоспарлануда. Мұнда жаңа мектеп 2025 жылдың соңына дейін пайда болады.

Дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылады

Балаларды сыныптан тыс оқумен қамту үшін былтыр «Нұркент» ықшам-ауданында көпсалалы «Инновациялық шығармашылық орталығы» (Оқушылар сарайы) ашылды. Орталықтағы 38 үйірге 1200 бала қатысады.

2024 жылдың мамыр айында «Зерделі» ықшам-ауданында спорттық және тренажерлік залдары, хореография мен үстел ойындары қамтылған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін ашу жоспарланып отыр, – деді қала басшысы.

Ауданда емханалардың жетіспеушілігі проблемасын шешу мен медициналық қызметтің сапасын арттыру мақсатында «Саялы» мен «Қарасу» ықшам-аудандарында күніне 200 адамнан қабылдайтын екі

отбасылық-дәрігерлік амбулаторияларының құрылысы аяқталып келеді. «Қарасу» ықшам-ауданында құрал-жабдықтарын монтаждау жұмыстары жүргізіліп, осы жылдың мамыр айында ашылады деп күтілуде. «Саялы» ықшам-ауданындағы амбулаторияның құрылысы биылғы жылдың маусымына дейін аяқталмақ.

50-ден астам қоғамдық кеңістік құрылды

Өткен жылы Алматыда «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 50-ден астам қоғамдық кеңістік құрылды. Қоғамдық кеңістіктерге мыналар кіреді: ұзындығы 1,5 км Аханов көшесіндегі үш шағын ауданды байланыстыратын жаяу жүргіншілер аймағы: «Алатау Сити», «Ақбұлақ», «Дарабоз» ықшам-аудандары, «Сирень бағы» тақырыптық алаңы, «Зерделі» ықшам-ауданындағы алаң, аумағы 35 болатын «Қарасу» ы/а сквер. Мұның барлығы жергілікті тұрғындардың өтініші бойынша құрылды.

Биыл 2,5 млрд теңге сомасына «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының 45 жобасы іске асырылады. «Қарасу» ықшам-ауданындағы сквердің құрылысы жалғасады. «Қарағайлы бор» скверін кеңейту, сондай-ақ Чуланов, Өтемісов пен Доспанова көшелерінде қоғамдық кеңістіктер құрылады.

Сонымен қатар, осы жылдың мамыр айында Боралдай өзені бойындағы «Өжет» ықшам-ауданындағы тоған айналасындағы ірі рекреациялық аймақтардың құрылысы аяқталады.

Айта кетерлігі, рекреациялық аймақ – бұл халықтың демалыс орнын ұйымдастыруға арналған қаладағы арнайы бөлінген аумақ.

ҚАРҚЫНДЫ ЖҰМЫС

ҚОСАЛҚЫ НЫСАН ҚҰРЫЛЫСЫ ЖАЛҒАСУДА

Алматыда білім беру мекемелерінде оқушы орындарының тапшылығын қысқарту мақсатында мектептер мен қосалқы нысандар салу, сондай-ақ білім беру объектілерін күрделі жөндеу жалғасуда.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қала құрылысы басқармасының хабарлауынша, Жетісу ауданында №103 мектеп-гимназия жанынан 200 орынды қосалқы нысан салынуда. Қажетті жабдықтары бар оқушы сыныптарынан басқа, жобада асхана және аумақты қосымша көгалдандыру қарастырылған. Жұмыстар жаңа оқу жылы басталғанға дейін аяқталады.

Осы ауданда №112 жалпы білім беретін мектеп жанынан 300 оқушыға арналған әрі спорт залы, асханасы бар қосалқы нысан салынуда. Нысанды ағымдағы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Түркісіб ауданында 650 орынды қосалқы нысаны бар №59 мектеп-гимназия реконструкциялануда. Жобада асхана, гардеробтар, 180 орынды аудитория, оқу

шеберханалары, мультимедиялық кабинеттер және спорт залы қарастырылған. Жұмыстың аяқталу мерзімі – ағымдағы жылдың мамыр айы.

Сондай-ақ, Түркісіб ауданындағы «Әлмерек» шағынауданындағы №195 мектеп ғимараты жанынан 450 орынды қосалқы нысанның құрылысы басталды. Жобада мультимедиялық кабинеттер, спорт және асхана залдары, сондай-ақ аумақты қосымша көгалдандыру көзделген. Нысанды 2025 жылдың ақпан айында аяқтау жоспарлануда.

Наурызбай ауданының «Шұғыла» шағынауданындағы №174 мектеп ғимараты жанынан 375 орынды қосалқы нысан салынуда. Жобада мультимедиялық кабинеттер, спорт залы, асхана және басқа да қажетті жабдықтар қарастырылған. Жұмыстарды 2025 жылдың ақпан айында аяқтау жоспарлануда.

Әрбір қосалқы нысан – іс жүзінде жаңа мектеп. Басқарма мамандарының айтуынша, құрылыс кезінде заманауи материалдар қолданылады. Жұмыс сапасын бақылауға ерекше назар аударылады. Сондай-ақ, қалада №136, №138, №70, №10, №9 №155 сейсмикалық күшейту және мектептерді күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Бұдан басқа, ағымдағы жылдың соңына дейін Алатау ауданында екі мектептің құрылысы аяқталады. 550 орынды мектептің бірі «Саялы-2» шағынауданында болса, екіншісі «Зерделі» шағынауданында.

НАУРЫЗ-ТАРТУ

№8 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушілері гольф бойынша III жасөспірімдер спорттық разрядын алды.

Мектепте гольф бөлімі ашылды

Жас гольфшылар Қазақстан гольф федерациясының қолдауымен оқуын бастады. Гольф бөлімшесі 2023 жылдың қазан айында Алматы қаласындағы №8 спорт мектебінің базасында 53 балаға есігін айқара ашты. Салыстырмалы түрде оқудың басталғанына көп уақыт болмаса да, жас спортшылар керемет нәтиже көрсетті. Балалар 4 оқу тобында, оның ішінде 7–12 жас аралығындағы бастапқы даярлықта оқиды.

Бағдарламаның басты ерекшелігінің бірі жаттығулар тегін өткізіледі. Барлық қажетті спорттық жабдық (доп таяқтар, доптар) да тегін беріледі. Тренингті тәжірибесі мол білікті жаттықтырушылар жүргізеді.

Балаларды гольф бөліміне қабылдау 2024 жылдың 18 наурызында жарияланды.

Гольф – дәлдік пен ептілікті қажет ететін ойын. Олимпиада ойындарының бағдарламасына енгізілген спорт түрінің Қазақстанда әлеуеті зор және балалар гольф мектебі отандық дарынды спортшылардың дамуы мен тәрбиесіне ықпал етеді.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҚОЛӨНЕР

Ою-өрнекпен кестеленген

«Ұлттық киімдер күніне» орай Наурызбай ауданындағы №174 мектеп-гимназияда жас тігіншілердің «Тұмар» ұлттық нақыштағы киімдер көрсетілімі өтті.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Іс-шара қазақи нақышта өткізілді. Қазақтың ұлттық ойындары мен қолөнері көрсетілді. Осы ретте киіз үй ішінде төменде көрсетілген шеберлік сағаттары қамтылды. Дәлірек: «қазақтың ұлттық киімі», «кесте тігу», «қыш жасау», «моншақ өру». Ұлттық спорт түрлерінен де жарыс өтті. Нақтырақ: «қол күрес», «бес тас», «тоғызқұмалақ», «асық ату».

— Біз ұлттық киімді дәріптеуге атсалысқанымызға қуаныштымыз. Қазақша нақыштағы киімдер бәрімізге жарасымды. Ата-аналарға да ұнайды. Ұлттық киім ұлт айнасы ғой. Соған байланысты ұлттық киімді дәріптеу мадақтау мақсатында киіп жүрміз. Бұл киімдерді тігуге ауданымыздың тігіншілері көмектескен. Сонымен қатар, өзіміздің технология пәнінің мұғалімдері де атсалысты, — деді № 174 мектеп гимназияның директоры Арнау Мәлікова.

Сонымен қатар, қазақтың ұлттық киімдерін тігіп, шеберлікпен ою-өрнек салып жүрген жандар өз ой-пікірлерімен бөлісті.

— Бастапқыда тақия, құрақ көрпеші тігуден бастаған едік. Кейін дамыта келе ұлттық нақыштағы ою-өрнекпен кестеленген киімдер тіге бастадық. Оқушылар, мұғалімдерге арнап, сапалы етіп, қолдан тігіп, осы салада өз үлесімізді қосып жүрген жайымыз бар. Негізінен өзгенің емес, өзіміздің ұлттық брендті көркейтіп, жандандыра білсек, ұтарымыз көп, — деді тігінші Айна Талғатқызы.

ФЕСТИВАЛЬ

ЖАС ДИЗАЙНЕРЛЕР
қолтаңбасы

Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясында Ұлттық киімдер күніне арналған фестиваль өтті. Іс-шара барысында Қазақстанның этно-дизайнерлер одағының өкілдері, Алматы сән және дизайн колледжінің студенттері, Қазақ ұлттық өнер колледжінің студенттері, сондай-ақ «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» жобасының «Алматы әжелері» тобы өз жұмыстарын ұсынып, заманауи стильде ұлттық киім тігудің жаңа трендтері туралы баяндады.

Досбол
АТАЖАН

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕКОВ.

1-2 ай бұрын емес, жақында ғана жарияланды. Сондықтан биыл Ұлттық киім күнін фестиваль ретінде атап өтуді жөн көрдік. Келесі жылы жас дизайнерлердің арасында байқау ретінде өткізуді жоспарлап отырмыз, — деді Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясының директоры Ақан Әбдуллин.

Сонымен қатар, фестиваль кезінде белгілі отандық дизайнерлердің ұлттық киімдер топтамасы көрсетілді. Қатысушыларға ақшалай сертификаттар табысталады.

— Ең алғашқы жұмысымыз ТикТок желісіне жарияладым. Ол адамдарға ұнап, маған тапсырыс түсе бастады. Содан кейін өз брендімді ашып, жұмыс істеуге кірістім. Қазір

— Биыл ел Президентінің қолдауымен үлкен «Наурызана» тұжырымдамасы бекітілді. Соның бір күні — бүгін Ұлттық киім күні. Бұл іс-шараға қатысатындар ғана емес, бүкіл ұжым болып қазақи нақыштағы киімдерді киіп жүрміз. Бірақ бұл үрдіс бір күнмен шектеліп қалмауы керек секілді. Біз ұлттық дүниелерімізді, болмысымызды, салт-дәстүрімізді өзіміз құрметтейтін болсақ, өзгелер де құрметпен қарайды. «Наурызана» тұжырымдасы

заман дамып бара жатқандықтан жастар өздеріне ыңғайлы және заманауи киім киісі келеді. Мен бала кезден этностильді ұнататынымын және өз киімдеріме ою салып үйренгенмін. Қазір менің костюмдерімнен кесе, ою, арқар, киіз үй сынды элементтерді көруге болады. Енді толық костюмнің дизайнын жасауға кірістім. Ол адамдарға ұнайтын болса, оны да тігетін боламыз, — деді «Qazaq heritage» брендінің дизайнері Диана Хамидулла.

БРИФИНГ

ДАСТАРХАНЫҢ МОЛ БОЛСЫН!

Наурыз – өркендеу мен жаңару сынды құндылықтар көрінісі. Алматының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте тақырыпты этнограф, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Тәттігүл Қартаева тарқатты.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

ӨКҚ спикері мерекенің шығу тарихы ежелгі дәуірден бастау алғанын атап өтті. Біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырларында оны түркі халықтары қабылдап алған көрінеді. Наурыз мерекесімен байланысты көптеген дәстүр мен рәсімдер бар. Олардың кейбірі уақыт өте келе жоғалса, кейбірі бүгінгі күнге дейін бар. Мәселен, қазір Наурыз мерекесін тойлау еліміздің батыс өңірлерінде сақталған «Көрісу» рәсімінен басталады.

«Мерекені 14 наурыз күні тойлау дәстүрі Григориан күнтізбесіне көшумен байланысты. Бұрынырақта халқымыз жаңа жылды көктемнің бірінші күнінде, яғни 1 наурызда мерекелейтін. Бірақ бұл күн мен түннің теңелуі емес. Онда неліктен көктемнің бірінші күні тойланды? Наурызды тойлайтын халықтардың дүниетанымы мен философиясында жыл басы баланың дүниеге келуін бейнелеген. Сонымен, үш айда бала жетіп болады, келесі үшінші маусымда бұл орта жастағы ер адам, ал күзде кемелденген ақсақал болады. Қыста ол әбден қартайып, өмірден өтіп, көктемнің бірінші күнінде бала болып қайта дүниеге келеді. Осылайша ежелгі қазақтар көктемнің алғашқы күнінде бір-бірін жаңа жылдың келуімен құттықтаған», — дейді Т.Қартаева.

Еліміздің әр өңірінде Наурыз мерекесіне байланысты өз дәстүрі бар. Мәселен, еліміздің шығысында мерекеге орай қысқа дайындаған соғымнан бас сақтайды. Осылайша шығыс

қазақтары мерекедің шекеге деп бір-бірін қонаққа шақырады. Мереке күні мол дастархан жайылады. Наурызды барынша кең жайылған дастарханда қарсы алу үйге молшылық пен табыс әкеледі деп саналады.

«Мерекелік дастарханға майға қуырылған иелік те қойылады. Бұл тағам діни рәсімдерге байланысты ұсынылатын тағамдарға көбірек қатысты. Ал көктемгі мерекенің басты тағамы — наурыз көже. Ежелгі қазақтар бұл тағамды дәстүрлі, көшпелі өмір салтына бейімдеді, осыған байланысты оған ысталған ет пен ашытылған сүт өнімдері қосылады», — деді этнограф.

Сондай-ақ, спикер наурыз көженің аймақтық ерекшеліктері бар екенін де атап өтті. Мәселен, оңтүстік-шығыс және шығыс қазақтары дәстүрлі тағамды «көп көже» деп атайды. Бұл атаудың себебі оның құрамында көптеген өнімдердің болуында.

Тақырыпқа орай айта кетсек, Алматыда ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттауға бағытталған түрлі іс-шара өтеді. Қала тұрғындары мен қонақтары қолөнершілер мен қолданбалы өнердің тақырыптық көрмелеріне, ұлттық тағамдар фестивальдеріне, спектакльдер мен концерттерге, шығармашылық «шеберлік сағаттары» мен поэтикалық кештерге, ұлттық спорт түрлері бойынша спорттық жарыстарға қатыса алады.

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС.

Соңғы кездері халық арасында «Ұлттық сезім» жалпыұлттық акциясы басталып, ол ел арасында кеңінен қолдау тауып келеді. Акцияны зиялы қауым өкілдері, журналистер мен блогерлер, оқу ордалары қолдап, аптаның әр жұмасында ұлттық нақыштағы киімдерді киіп жүргендер қатары көбейіп жатыр. Ұлттық киімді ұлықтағандар арасында «Alatau Apparat» медиахолдингінің ұжымы да белсенділік танытып, эстафетаны әріптестеріне жолдады. Бұл өте әсерлі, керемет сезімге толы болды. Мемлекет басшысының «Ұлттық киімдерді тек Наурызда ғана емес, жай күндері де жиі киіп жүруіміз керек» деп тастаған үндеуі де көпке ой салды. Шынында да, неге осы біз ұлттық киімімізді тек Наурызда ғана киюге тиіспіз?

Ұлттық киімді неге
Наурызда ғана киіміз?Рая
ЕСКЕНДІР

Депутат Дәулет Мұқаевтың мектеп оқушылары киетін ұлттық киімдер стандартын әзірлеп, халықаралық түрлі жарыстарға (ғылыми олимпиада, спорт) баратын азаматтардың формаларына міндетті түрде ұлттық нақышты бейнелеу керектігі туралы пікірі қоғамнан қолдау тауып отыр.

Депутаттың айтуынша, елде ұлттық киімді насихаттау тек бір реттік челлендждер мен акциялармен ғана ұлықталып жатыр.

— Алдағы уақытта ұлттық нақыштағы киім кию дәстүрін тек Наурызбен, акциялармен ғана шектемей, оны трендке айналдыру қажет. Мәселен, қыргыз халқы 5 наурызды — «Айыр қалпақ күні» деп мемлекеттік деңгейде бекітіп, ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраларының тізіміне енгізген. Біріншіден, ұлттық киімдерімізді ұлықтау мақсатында республикалық деңгейде «Ұлттық киім»

күнін бекітіп, бұл күн мәдени құндылықтарымызды кеңінен насихаттап, өскелең ұрпақты отанышылдыққа тәрбиелеудің негізі болар еді. Екіншіден, мемлекеттік қызметкерлер мен халыққа қызмет көрсететін орталық қызметкерлерінің киімдеріне қазақи айдеңшика элементтерін қосу керек. Үшіншіден, ұлттық киім өндіретін отандық кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан қолдау көрсетіп, бизнесті қолдауға бағытталған гранттарда ұлттық киім кәсібіне басымдық берілсе, халық арасында ұлттық киім қолжетімді болып, әрі сұранысты арттырар еді. Төртіншіден, мектеп оқушылары киетін ұлттық киімдер стандартын әзірлеп енгізу, әрі халықаралық түрлі жарыстарға (ғылыми олимпиада, спорт) баратын азаматтардың формаларына міндетті түрде ұлттық нақышты бейнелесек, — деген ұсынысын жеткізді.

Дәл қазір Алматы қаласындағы білім беретін мектептер бір күнді «Ұлттық киім күні» етіп белгілеп отыр. Ең бастысы, бұл бастама ата-аналар тарапынан да қызу қолдау тауып отыр.

НАУРЫЗНАМА

ТАРИХЫ ТЕРЕН

Әз-Наурыз кіргенде төрт түлік мал төлдеп, малдың аузы көкке, адам аузы аққа тиіп, уыз ішіп «Уыз мерекесін», «Ақ мерекесі» ретінде тойлайтын болған. Соған байланысты бұл айды аталармыз «Уыз ай», «Ақ мереке» деп те атаған. Сүт – ас сұлтаны, ризық басы деп қастерлеген. Сол себепті де, сүтті төкпейді, ақты телміртпейді, ақ төгілсе, бақ бірге төгіледі деп ырымдайды.

«Әз» сөзінің мәні

Қазақ түп мағынасы «бағалы», «қымбат», «керемет», «қасиетті», «қадірлі», «киелі», «иелі», «ардақты», «құнды», «жарқын», «жағымды», «сенімді», «думанды», «көңілді», «берекелі», «бірлікті» деген өте көп синонимдік мәндес ұғымдарды «Әз» деген екі әріптен құралған қысқа сөзбен ғана ұқтыра салған. Бұл қазақ тілінің аса бай, құнды, шұрайлы, жетілген тіл екенін айтқызбай-ақ дәлелдеп тұр. Мысалы: Ұлы күнді – Ұлыс күн, Ұлы істі – Ұлы іс деп атаса, ғажап салт-дәстүрлі мерекені – «Әз-Наурыз» деп түсіндірген. Ал халық арасындағы ел мен жерін қорғаған қас батырларды «Әз батыр», халқын әділ билеген хан-сұлтандарды «Әз Хан», «Әз Сұлтан» деп бағалаған. Ел арасындағы даңсалы ақын-жырауларды «Әз ақын-жыраулар» деп таныған. Ғылым саласындағы ұлы ғалымдарды «Әз ғалымдар» деп атақ берген. Шешен-шежірелерді «Әз шешендер» не «Абыз» деп құрмет тұтқан. Әз Жәнібек, Әз Тәуке, Әз Бұхар, Әз халық, Әз Абай, Әз батыр деген сөздер сол әз сөзінің өте көп мағына беретінін одан ары түсіндіреді.

Әуелі, халық арасындағы жаны жайсаң жандарды Әз аға, Әз ата, Әз апа, Әз әпке, Әз бала, Әз абыз деп, олардың қоғамдық орнын, ел арасындағы бет-беделін бір ғана Әз сөзіне сыйғызып көрсете де, таныта да білген. Әр жылы наурыз айының 21-і күні «Әз амалы» кіріп күн мен түн теңеліп, көк күт көзін ашқан көктемнің алғашқы күнін «Әз-Наурыз» деп ұйғарған.

«Әз амалы» кіргенде аспанда бір нәзік жылы, жағымды дауыс ауа ағысында нәзік күй тербелісіндей шертіледі екен. Ол дауысты төрт түлік малдың ішінде Мекке топырағынан жаралған қой түлігі ғана естиді деген ескі наным бар. Сол күні қой қозылап, қозы маңырап «Әз дауысына» құлақ түреді екен. Сол дауысты кейде адам баласының мың да бірі естиді деген аңыз айтылады. Егер адам баласы сол дауысты естісе, жеті атасына дейін шалқыған байлық оралып, ұрпақтары білімдар болып өседі. Ол дауыс жай дауыс емес, бақ иесі Қыдыр пайғамбардың ел аралап жүргендегі аяғынан шыққан дыбысы деген тамаша рауаят тараған.

Әз амалы жеті күнге жалғасады. Амалдың басы – үш күн, Амал ортасы – үш күн, Амал соңы – бір күн. Осы жеті күнде ауа райы бұзылып, қар не жаңбыр жауып, жел тұрады. Әз амалында жауған қар уыздай болып жауса, туған ай да уыздай болып туады, адамдар көңілі де көтеріліп уыздай жағымды болады екен. Сондықтан бұл айда жауған қарды сыпырмайды, күрмейді. Сыпырса, күресе – бақ күрелген қармен бірге кетеді деп ырымдаған.

«Нау» нені білдіреді?

Қазақтың байырғы көне тілінде «Нау» деген сөз бар. Ол төрт түрлі ұғым береді. Бірінші, «Нау» – дау, жала деген ұғым береді. Екінші, «Нау» – гүлдің, өсімдіктің жаңадан өсіп, бүршіктеп шешектеуі деген ұғым білдіреді. Үшінші, «Нау» – күннің алғаш шешектеп нұр шашып, көкжиектен көтеріліп келе жатқан шапағын «нау», «жаңа күн» немесе «күн нау тартып келеді» дейді.

Төртінші, қой-ешкі, сиырдың төлдеген кезіндегі қою сүтін «нау», «нау сүт», «уыз» дейді. Наурыз деген сөздің түп мағынасы мен мәні осы жерде жатса керек. Әз-Наурыз мерекесі атам қазақтың осындай ұлы ұялы ұғымдарынан қалыптасқан. Ол ғасыр жүгін арқалап, асыл салт-дәстүрлік мерекелі таза қалпын сақтап, бізге қаймағы бұзылмай жеткен.

Әз-Наурыз мейрамының



Ұлыстағы ұлы істер

1. Ұлыс сөзінің түп мәні – ежелгі рулық бірлестікті не өте үлкен ұйысқан, өскен әулетті «Ұлыс» деп атаған.

2. Ұлыс күн – жаңа жыл, жаңа күн, жаңа мейрам, наурыз айының 21-22-сі күн мен түн теңелген «нау» деген ұғымды білдіреді.

3. Тарихи рауаятта адамзаттың екінші атасы саналатын Нұх пайғамбардың кемесі бірде Арабиядағы Жида тауының басына, енді бірде Қазақтың Қазығұрт тауына тоқтаған деп айтылады. Сол кезде күн мен түннің теңескен күні екен. Топан судан аман қалған Нұх қауымы жеті қат жердің бетінде, жеті қат көктің астында, жеті жұртымызбен аман қалдық деп кемеді қалған Бидай, Күріш, Бұршақ, Тары, Қатық, Түз, Ет сынды жеті дәнді Тайқазанға салып пісіріп, «Тілеу көже», яғни «Наурыз көже» жасап той-мереке өткізген екен. Қалған дәндерін біразын жерге егіп, біразын үнемдеп жеп, балиғатқа толған ер-әйел 3 ай бойы ораза ұстап, астықты үнемдеп жеген екен. «Тілеу көже» жасау салты мен ораза ұстау парызы содан қалған екен.

Жер бетіндегі топан судың балшығы басып қалған бұлақ көзін ашу, құлап қалған ағаштарды қайта тұрғызып, ағаш егу дәстүрі сол заманнан қалып, жақсы дәстүрге, тамаша салтқа айналған. Ұлыс күні ұлы істер істеу, жақсы бастамалар бастау, амандасып көрісу, үлкеннен бата алу, сый-құрмет жасау, ойын-той өткізіп көңіл көтеру, кедей-кембағалдарды қолдап жәрдемдесу сынды толып жатқан салт-дәстүрді жаңғыртып, жас буын ұрпақты ұлағатты жолға салу, бабалар дәстүрін адал атқару, уақыт есебін біліп, өмірді қастерлеу, жаңа жылды ерекше құрметпен қарсы алу, көне жылды шығарып салу – ұлтымыздың мызғымас асыл дәстүрі екенін білу бәрінен маңызды болмақ.

Қыдыр атаның батасы

Наурыздың 22-ші жұлдызы күн мен түн теңелгенде, жер жүзін Бақ иесі Қыдыр ата аралайды. «Қыдыр ата аралаған ауылға бақ дариды, Қыдыр түнеген үйге құт қонады» деген халқымызда ескі наным бар. Сол түні әр үйдің төріне қос шырақ жағып Қыдыр атаның келуін күтіп, түні бойы ұйықтамай тілек тілеп ояу отыратын салт бар. Қыдыр ата өзі қалаған үйіне келіп, ақ бата береді екен. Қыдыр атаның батасының үлгісі:

Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Қайда барса жол болсын, Бағың шалқып алдыңнан, Бастарыңа кетпес бақ қонсын, Астарыңа алтын тақ қонсын! Әз халқым уайымсыз тоқ болсын! Жамандық жерден жоқ болсын, Қуаныш көп болсын, Сөзім ыстық шоқ болсын! Ұлағатты ұл өссін, Қырмызы сұлу қыз өссін! Ақ бөкен орға түспесін, Ақ сұңқар торға түспесін! Ата ақылы бөлінбесін, Тұлпар тұяғы кетілмесін, Ел шеті сөгілмесін! Қара тау құйын соқса құлағасын, Ақ шылауышты ана жылағасын! Қара жер шайқалғасын. Қара қос қирағасын! Ел ішін дау алғасын, Ел шетін жау алғасын! Алып бәйтерек жығылғасын, Өзен-көл, бұлақ тартылғасын! Әділ хан тақтан айырылғасын, Бала бақтан айырылғасын!

Хақ Алла өзі қолдап, Ұлыс мереке-бірліктен айырғасын!

Күн мен түн теңеледі

Әз-Наурыз қазақ халқының салт-дәстүрді жаңғыртатын айтулы той мерекесі, жаңа жылы, көктем мейрамы. Бұл той халықтың ортақ қуанышы, ортақ берекесі. Бұл күні күн мен түн ғана теңелмейді. Аспан мен жер де, хан мен қара да, қараңғы мен жарық та, жылы мен суық та, ер мен әйел де, жас пен кәрі де теңеледі. Бәрі де демалып, бірдей пенде ретінде ұлы мерекенің қуаныш нұрына бөленіп бірге тойлайды.

Ұлыс күнінің қарсаңында жеті дәннен дән салып, үлкен тайқазанға тілеу көже, той көже жасайды. Ол – жеті қат көктің астында, жеті қат жердің бетінде, жеті жұртпен, жетелі жеті ата ұрпақтары бас қосатын ұлы күн. Ұлыс күн деп, үй-үйді аралап тілеу көже ішіп мәре-сәре болып көңілді жүреді. Өкпелесіп, ренжісіп қалғандар болса, ұлыс күнін құрметтеп, төс қағысып амандасып, бірін-бірі кешіресі. Бір дастархан басында ас ішіп, жайраң қағып, достасып, шаттыққа толы сезіммен, сыйласып, сырласып, ұлыс күнін құрметтесіп, ақ дастархан басында ақ ниетпен бірге қонақ болып отырады. Сондықтан бұл мереке мызғымас «Бірліктің мерекесі» деп аталады.

Қазақы дастархан

Қазақ дастарханы – киелі. Қазақ әйелдері «Дастарханда кие болады, дастарханда ие болады», «Дастарханы тоқ үйге береке қонады, байлық оралады» деп дастарханнан аттамайды, дастарханды кірлетпей таза ұстайды, дастарханды аяқпен баспайды, дастарханды киім-кешекпен бірге жумайды. Олай етсе, үйден құт қашады, бақ үркеді. Байлық оралмайды деп ырымдап, дастархан әдептерін сақтап, Наурыз күні үй төріне үлкен ақ дастархан жаяды. Дастарханға төрт ырыстан ас пісіріп, молынан қояды.

1. Қызыл ырыстан: ет, жал-жая, қазы-қарта, кәрі жілік, қойдың басы, белдеме, қара және сүбе қабырға, асық жілік, ортан жілік, жамбас, жауырын, қыстан қалған сүрі еттерді де қосады. Ол – қыс тағамдармен қоштасып, жаз тағамдарына ауысу ырымы.

2. Ақ ырыстан: құрт-ірімшік, айран-қатық, қымыз-шұбат, іркіт, сары май, қаймақ, қымыран және т.б. Бұл – жаз тағамдарымен қауышу ырымы.

3. Көк ырыстан: алма, жүзім, банан, мандарин, қайын, қарбыз, өрік, көк бұршақ және т.б.

4. Дақыл ырыстан: нан, бауырсақ-шелпек, пішене, тоқаш, тары-талқан, жент және т.б.

Қазақ аналарының ұлыс күні ақ дастарханды төрт түрлі ырыспен толтыруының да өзіндік әдемілік сәні мен терең философиялық мәні бар. Ол – «төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген ырымды танымнан туған озық ойдың отбасындағы құт дастарханынан тапқан тамаша көрінісі болып табылады.

«Төрт құбыламыз тең болсын, пиғылымыз оған тең болсын! Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса,





ТӨЛ МЕРЕКЕ

біз білмейтін сыры көп

ауыздағы кетеді», – деп ақ дастарханын да төрт ырыспен толтырып, келген қонағының әрқайсысын «Қырықтың бірі – Қыдыр» деп бағалап, жайраң қаққан қабақпен күтіп алған.

Тілеу көже

«Тілеу көже» – Наурыз мерекесінің бренді. Қазақ әйелдері Наурыз күні үлкен тайқазанға бидай, тары, бұршақ, ет, арпа, күріш, ұн сынды жеті дәннен (сарымсақ, тұз) салып, көже жасайды. Оны қазақ «Тілеу көже» немесе «Наурыз көже» деп атаған.

Қазақ ырымында тайқазаннан басқа ыдысқа «Тілеу көже» жасамайды. Өйткені, қара қазан үй құты саналады. Сондықтан қыз жасауына қазан салмайды. Қыз жасауына қазан салса, бақ ырыс ауысады деп ырым етеді.

Тілеу көжеге жеті дән салуды «Жеті қат көктің астында, жеті қат жер бетінде, жеті жұртпен, жеті атамен, жеті ағайынмен тату-тәтті берекелі өтейік, ұрпақтарымыз жетелі ұрпақ болып өссін, дәм-тұзымыз араласып жүрейік, береке қашпашын» деген қонақжайлықтың кең пейілінен, берекені сақтап, ел бүтіндігін бұзбаудан туған ақ ниеттің символы деп таныған.

Ұлыс күнінің кейіпкерлері

Бағзы замандағы рауаятта Ұлыс күніне байланысты айтылатын кейіпкерлер болған. Олар: Қыдыр ата, Бақ бала, Сакқұлақ, Толағай, Өз ханым, Ақпан-Тақпан, Зымыстан.

Ұлыс күнінің кейіпкерлерінің әрқайсысына тән образдық сипаттары болған: Қыдыр ата – бақ пірі, Бақ бала – болашақ пірі, Сакқұлақ – хабар пірі, Толағай – күш пірі, Өз ханым – көктем-жаз пірі, Ақпан-Тоқпан – қыс пірі, Зымыстан – боран-жел пірі.

Орман – елдің дәулеті, орман – жердің сәулеті. Бағзы заманда Нұх пайғамбардың кемесі 40 күн, 40 түн топан суда жүзіп жүріпті. Оған ақ үкі жол бастап ұшып жүріпті. 40 тәулік өткенде кеме қара жерге ілініп, қазіргі Арабиядағы Жидда тауының басына тоқтапты. Нұх қуанып, кемедегі қауымын жерге түсіріп, топан судан аман қалғанына шүкірлік етіп, балшық басып қалған бұлақ көздерін тазалап, қисайып қалған ағаштарды тұрғыздырып жатқанда аякастынан ауа райы бұзылып, қайтадан қалың жаңбыр жауып, топан су көтеріліпті. Бұл – наурыздың 9 күні екен. «Мәз» деген амал кіріпті. Сол мәз жауыны 7 күнге жалғасып, жерден көтерілген топан су кемеңі алып, Қазақтың Қазығұрт тауының басына бір-ақ әкеп тоқтатыпты. Содан бастап тілеу көже жасау, ағаш егу, бұлақ көзін ашу сынды жақсы салт қалыптасыпты. Осы рауаятты жақсы білетін қазақ халқы содан бастап, ағаш егу салтын тамаша дәстүрге айналдырыпты. «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деген мақалдың түп бастауы осыдан қалған екен.

«Мың шыбық егіп өсірсен, халқыңа орман салғаның. Бір шыбық үзіп сындырсаң, орманға салған ойраның» деп әр жылы көктем келгенде ағаш егуді әр адамның парызы деп таныпты. Бұл бүгінгі экологияны қорғауымызға да еш қайшылығы жоқ атадан қалған тамаша салтымыз болып табылады.

Ырым-тыйымдар

- Қазақ наурыз күні жаңа шыққан күннің жүзіне қарап, бетін сипайды. Онысы – жаңа күннен басыма бақыт дарысын дегені.
- Қазақ наурыз күні алғаш жауған жаңбырға басын тосады. Аспаннан нұр жауады деп біледі. Осылай істесе, жылдар бойы басым ауырмайды, жолым жеңіл болады деп сенеді.
- Қазақ наурыз күні үйіне қарлығаш ұшып кірсе, ерекше қуанады. Жыл құсы кірді, шаңырағыма құт кірді деп ырымдайды.
- Қазақ наурыз күні тырнақ алмайды, шаш қиғызбайды. Олай етсе, бас кесіледі, жол тосылады деп ырым етеді.
- Қазақ наурыз күні көңілді жүреді. Біреумен ренжісіп қалудан қорқады. Себебі, «Жыл басында ренжісsem, жыл соңына дейін ісім онбайды» деп ырым етеді.
- Қазақ наурыз күнгі жауған қардың реңіне қарап ырым етеді. Ол ерекше аппақ болады. Наурыз күнгі жауған қарды күремейді, сыпырмайды. Сыпырса, құрғақшылық болады деп ырымдайды.
- Қазақ наурыз күні баласын ұрмайды, зекімейді. Ұрса бала меселі қайтады, меселі қайтса, бақ байланады деп ырым етеді.
- Қазақ наурыз күні ыдыс-аяғын сылдыратпайды, «Құт қазанда тұрады» деп ырым етеді. «Ыдыс-аяқ сылдырласа, құт үркеді».
- Қазақ наурыз күні отқа сүйек тастап күйдірмейді. Олай етсе, ата-баба аруағы шамырқанады.
- Қазақ наурыз күні үйіне қыдырып келген баланы құр қол қайтармайды. Бала – бақыт, бала – бал, баламен бірге үйге бақыт кіреді, бала үйден өкпелеп шықса, бақыт баламен ілесіп кетеді деп ырым етеді.
- Қазақ наурыз күні алыс сапарға кеткен жолаушыға сыбаға сактайды. Онысы – жолаушы аман келсін, мереке дәмі – береке, осы берекелі астан ауыз тисін дегені.
- Қазақ наурыз күні үйіне қыдырып келген күйеу жігіт пен қызға ерекше құрмет көрсетеді. Күйеу баласына шапан жауып қайтарады. Онысы – қызымызға жақсы қарасын, қызымыз бақытты болсын дегені.
- Қазақ наурыз күні мал төлдесе, оның төлін басқа би-

реуге сыйламайды. Себебі, жыл басындағы құтымыз басқаға ауып кетпесін дегені.

14. Қазақ наурыз күнгі босанған әйелді құт деп ырымдайды. Оны Қызыр босандырды деп сенеді. Ол туылған бала елге құт болып қонады деп сенеді. Сондықтан ол баланың атын үл болса Ұлыбек, Наурызбек, қыз болса Наурызгүл, Ұлысжан деп қояды.

15. Қазақ наурыз күні сауысқан үй төбесіне қонып шықшылықтаса, жақсы ырымға балайды. Олжадан, жақсылықтан сүйінші келеді деп сенеді.

16. Қазақ наурыз күні ошағының астында от қаулап, лапылдап жанса биыл бақ жұлдызымыз көтеріледі, байимыз, бақытты боламыз деп ырымдайды.

17. Қазақ наурыз күні төріне қос шырақ жағып қояды. Онысы – отағасы мен отанасы аман болсын, ошақтағы отымыз сөнбесін деген ырым.

18. Қазақ наурыз күні кетік ыдыстарды пайдаланбайды, оған ас құйып ішпейді. Олай етсе, өмірдегі барлық ісіміз шала болады, жұмысымыз бітпейді, кетік ыдыстың шетілген жерінен шайтан бірге ас ішеді деп сенеді.

19. Қазақ наурыз күні үйіне дуалы ауызды адамды шақыртып, батасын алады. Барлық іс батадан басталса, баянды болады деп сенеді.

20. Қазақ наурыз күні босағасына, не төріне сарыала сапты қамшы, не садақ сынды құралдарды іледі. Сөйтсе, бұл үйге жын-жыбыр жуымайды деп сенеді.



Ауа райын болжау дәстүрі

Қазақ есепшілерінің арасында «Есепшінің есебі кісесінде, есепсідің есебі тізесінде» деген тәмсіл сөз бар. Бұрынғы өткен ғасырлардағы қазақ есепшілерінде бір беті ақ шүберекпен, бір беті қара шүберекпен астарланып, бүктеліп тігілген, күнді есептеп, айды болжап, жылды жіліктеп жазған қойын дәптерін салатын ала дорбасы болады екен. Қазақ осы дорбаны «Кісе» деп атайды. Біреулер есепшіге жолығып, «Қане, есебінді айтып жіберші» дегенде, сол дорбаның түйме бауын ағытып, ақтарылатын көрінеді. Сол дорбаны «Кісе» не «Есеп дорба» деп атаған екен.

Ал жай адамдардың күн бұлттанғанда жаңбыр не қар жауғанда, бірер күн ілгері тізесі ауырып, ревматизмі қозатын көрінеді. Сөйтіп, олар тізесі ауырса болды, боран соғады, күн жауады деп байбалам салып жатады екен. Жоғарыдағы мәтел соның айғағы болса керек.

Қазақ есепшілері жаз есебін күн мен түннің теңелген күні наурыздың 21 күні жаңа жылдың басында жаңа туған айға қарап, есептейтін көрінеді. Қазақ есепшілері жұлдызды түнді күзетіп, төрт түлік малды бақылап, ұйықтамай таң аттырады. Егер осы түні түйе түлігі ернін жиі-жиі жыбырлатса, жылқы түлігі қайта-қайта оқыранса, сиыр түлігі мұрнын жиі-жиі жалай берсе, қой түлігі еміс-еміс екіренсе, таңертең мал қорадан жайбарақат шықса, онда көктем ерте оралады. Күн тез жылынады, көк ерте көктейді, жаз жайлы болады. Ал осы күні таңертең күн шоктай жанып, ұясынан көтерілсе, кешке қарай ұясына қан қызыл болып қонса, ауа райы жақсы болғанымен, адам арасында өлім-жітім көп ұшырайды. Соғыс апаттары болуы мүмкін. Аяқ астынан түйе түлігіне «Шелек», жылқы түлігіне «Талак», сиыр түлігіне «Қарасан», қой түлігін «Топалан», ешкі түлігіне «Кебенек» індеттері келуі, ал егінжайға шегіртке қаптауы ғажап емес деп болжам жасайды. Егер сол күні таңертең күн көкжиектен сарғайып көтерілсе, жер бетінде ыстығы шыңқиып түссе, қызуы маңдайдан өтсе, сол жылы құрғақшылық болады, қуаңшылық жүреді, құмды боран соғады, жауын-шашын мөлшері аз болады.

Тамыз айында таулы өңірде тасқын болуы мүмкін. Жазық жерлерде құрғақшылық болады. Қыста мал бақса, шығын болады деп ұйғарады. Егер сол күні таңертең күн көзі шұбар-тып, көкжиектен күңгірттеу болып көтерілсе, кешке батар күн

бұлтқа сүнгіп барып батса, онда ол жылы жазда жауын-шашын мол болады. Жыл ырысты өтеді, ел ішкі тыныш болады. Егін мен шалғын қаулап, бітік өседі. Күзде аста-төк мол өнім жиналады. Төрт-түлік мал жақсы қонданады. Ерекше семіріп, шелденеді. Ел ішінде той-томалақ көбейеді деп ұйғарады.

Ал қыста қар қалың жауады. Күн бірде ысып, бірде суып, құбылмалы өтеді. Мал мен бас аман болады деп болжау айтады. Егер сол күні таңертең күн көкжиектен күлімсіреп, рауандап, ашық нұрын төге көтерілсе, кешке қарай алтын шапағын жерге қалдырып барып батса, онда ол жылы жыл есен болады. Күн сайын, ай сайын ырыздық тасиды. Адамдар ырғын өмірге кенеледі. Егер сол күні таңертең қар жауып тұрса, «Аспаннан нұр жауды», жыл есен болады, Наурыздың ақша қарындай ақ тілек қабыл болады деп қуанады.

Қазақ наурызда жауып, қатқан қардың үстіне қасарбас қойдың құмалағын тастап, көктем ерте, не кеш келуін болжайды. Егер құмалақ қарға батпай, қар үстінде қалса, көктем қырық күн кешігіп келеді. Ал құмалақ қарға бармақ бойы батса, көктем қырық күн ерте келеді, күн ерте жылынады, егінді ерте салу керек, төлеулікке ерте бару керек деп ұйғарады.

Қазақ есепшілері Таңшолпан жұлдызының көрінуіне қарап та ауа райын болжап, жер ырысын жобалап айтады. Наурыз күні таңға жақын Таңшолпан жұлдызы айдай жарқырап, алтындай нұрын төгіп туса, сол жылы молшылық болады, жер жүзі қабағат көктейді. Мал мен бас егіз, атар өседі, бейбіт заман болады.

Ал сол күні таңға жақын Таңшолпан жұлдызы сарғайып, әлсіреп, нұры өшкіндеп туса, ырыздық тартылады, қауіп-қатер көп болады, жол апаттары көп болады деп долбар айтады.

Байырғы есепшілердің тәжірибесіне қарағанда, әр сегіз жылда бір рет Таңшолпан жұлдызы өшкін тартып туады екен. Сол жылдары апат көп болады деген ұғым бар.

Қазақ есепшілері наурыз күні көзі ашылмаған бұлақтың су қайнарын байқайды. Өзен суы мен көл суының және мал суаттарының жылдық мөлшерін тексереді. Сол арқылы суатты жерлерден ерте қоныс таңдап қонады.

Қазақ есепшілері тағы да наурыз күнгі қоңырқаз, акку, үйрек, шағала, сарыала қаз, көкмойын, ұзақ қатарлы құстар келсе, көктем ерте келеді, жаз тез оралады, күн жылиды деп болжайды. Тағы да наурыздағы торғайлардың сайрауына мән береді. Торғайлар топтасып ұшып, сайран салса, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман болады» деп жатады. Үй құстары – қаз бен тауыққа да көз жібереді. Егер тауық сол күні бір аяғын көтеріп тұрса, көктем жай оралады, екі аяғын тең басып тұрса, көктем келді дей бер дейді.

Қазақ есепшілері наурыз күні жұлдызды аспанды мұқият қадағалап бақылайды. Егер сол күнгі жұлдыздар шоктай жанып, аспан аясынан тұтастай көрінсе, биыл көктем мен жаз айы мамыражай өтеді, ел тілегі қабыл болады, уайым жоқ, қарын тоқ өтеді деп сенеді.

Наурыз айындағы тоғыс күнді де бақылайды. Ай арасындағы таудың ар жағында, тасасында қалып, көрінбейді. Ай оғауы үш күнге созылады. Бірінші күні тоңғайды. Екінші күні ауыл үй қонады. Үшінші күні өріп шығады. Ай баяу жылжып, ай дидарына қарап ауа райынан мәліметтер беріп жатады. Сол күні ай қораланып туса, күн жылынады. Ай құлақтанып туса, күн суытады. Апат болуы да ғажап емес. Ал ай шалқасынан туса, күннің суығы ұзарады. Ай орағы еңкейіп туса, күн ысыды деп жорамал жасайды. Қазақтың «ай қораланса, аяғыңды сайла, күн қораланса, күрегінді сайла» деген мақалы да осыны меңзесе керек.

Қорыта айтқанда, табиғатпен бірге туып, біте қайнасып өскен қазақ ғасырлар бойы табиғаттан жинаған мол тәжірибесінің арқасында жаздан жайлы, қыстан есен өтіп, бүгінгі дамыған элек-тронды ғасырға жетіп отырмыз.

Болат БОПАЙҰЛЫ,
жазушы-этнограф.



ШАҢЫРАҚ КҮНІ

БҰЛ НАУРЫЗ БҰРЫНҒЫ НАУРЫЗДАН ӨЗГЕРЕК

Ұлт мейрамы 10 күн тойланады

Биыл елімізде Наурыз мейрамын тойлатудың жаңа жалпыұлттық тұжырымдамасы бекітіліп, Ұлыстың ұлы күні қарсаңында «Наурызнама» онкүндігі жарияланған болатын. 14–23 наурыз аралығындағы әр күнге жеке-жеке тағылымдық атаулар берілген. Бүгін, яғни 19 наурыз – Жаңару күні. Ол көктемгі ағаш егу дәстүрімен көрініс табады. 18 наурыз – Ұлттық киім күні қазақы нақыштағы киімдеріміз насихатталды. 17 наурыз – Шаңырақ күні де мегаполисте отбасы құндылықтарын дәріптеу мақсатында бірнеше іс-шара өтті.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

ШАҢЫРАҚ

Республикалық «Наурызнама» декадасының 4-ші – Шаңырақ күні негізгі үлкен залының ортасына биік көтерілген шаңырақ орнатылған. Әбілхан Кастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде айтулы күннің құрметіне танымдық, тағылымдық экскурсия өтті.

Иә, қазақ үшін шаңырақ – қасиетті ұғым. Оның шайқатылмай, уықтардың дұрыс әрі тез шаншылуын жақсы ырымға балаған. Ол – отбасы символы. Ал әрбір отбасы – мемлекеттің уығы.



тапсырған. Ал отбасының басқа үлкен-кішісі бір-бірімен септесіп уықтарын шаншыған. Бұл да сол әулеттің ауызбіршілігін, ынтымақ-бірлігін, бір-біріне деген бауырмалдығын көрсетсе керек, – дейді Әбілхан Кастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің

КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!

Алматылықтар Шаңырақ күнін жоғары деңгейде атап өтті. Ал кез келген шаңырақтың сәні, мәні, базары – бала. Алматының №4 қалалық перзентханасының ұжымы жас босанған он анаға және құндақтаулы нәрестелеріне «Наурыз-базарлық» ұсынды. Он нәрестенің төртеуі ұл, алтауы қыз.

– Бала – адам өміріндегі ең үлкен бақыт қой. Бұл – менің екінші сәбиім. Тұңғышымыз – қыз, ол бүлдіршінімді де осы перзентханада босанғанмын. Төрт жылдан соң, міне, ұл сүйдік. Шаңырағымызды қуанышқа келтіріп, көктем-көңіл сыйлаған бөбегіміз елдің азаматы болсын деймін. Перзентхана ұжымына алғыс айтамын. Менің балам да болашақта қолы ашық, жомарт, ел-жұртқа қарайласып жүретін қайырымды болсын деген аналық тілегім бар, – дейді қол-аяғын аман-есен бауырына алған алматылық Арайлым Төкешева.

Тәтті ұйқыда жатқан бөбегін құшақтап отырған бақытты аналарға перзентхананың бас акушері Сәуле Советқызы ізгі лебізін жеткізіп, шаңырақ шаттығын тіледі. Аналарға ән-жырдан шашу шашылды.

Бытыр №4 қалалық перзентханада 5136 бала дүниеге келген болатын. Ал осы жылдың басынан бері 930 сәби өмір есігін ашты. Көбей, қазақ!

«ЕР ТӨСТІК»

Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры «Наурызнама» онкүндігі шеңберіндегі Шаңырақ күні балалар назарына «Ер Төстік» спектаклін ұсынды.

«Ер Төстік» ертегісінің театр төріне шығып, поэтикалық драма жанрында сахналанғанына бірер жылдың ғана жүзі болды. Жыл өткен сайын кішкентай көрермендері көбеймесе, азайған жоқ.

Бұл – тілі өте бай қиял-ғажайып ертегілердің бірі. Сегіз ағасын іздеп шыққан Төстік жолында кездескен барлық кедергіні ақыл-айласымен және Қолтауысар, Желаяқ, Шапшаң, Сакқұлақ, Шалқұйрық сынды достарының көмегімен жеңіп шығады. Жаңашыл идея мен ұлттық құндылықтарды қабыстыра білген қойылым балаларға ұнағаны анық. Себебі, қуыршақтар бейнесіндегі кейіпкер-

лердің әр қимылын, әр сөзін балдырғандар ата-аналарымен бірге тапжылмай көріп, тындап отырды. Бізге керекті де сол. Балалар әлемі ең шынайы. Әрі олар не нәрсені де тез сіңіріп алады. Кішкентай жүректерге жол тапқан «Ер Төстік» батырлық, досқа адалдық, қайсарлық, қайырымдылық, адамгершілік, Отанды сүю сынды құндылықтарды насихаттайды.

– Біз «Ер Төстік» ертегісін кітаптан оқып өскен ұрпақпыз. Ал бүгін немерем спектакль түрінде көрді. Бұл – керемет! Қазақтың рухани қазынасын алақандай ұялы телефонға жіпсіз байланған қазіргі ұрпаққа осылай жеткізіп отыру ләзім. Бір мезгіл осылай ойын бөліп, көңілін сергітіп, театрға әкеліп тұруымыз керек. Қызықты әрі шым-шытырық оқиғаларды кеше отырып, арманына жететін Төстік батыр мен оның достарының ауызбіршілігі біздің балаларымызға оң әсер ететіні сөзсіз. Баламның әсерленіп шыққанын көріп өзім де қуанып тұрмын, – деді алматылық Бағлан есімді кішкентай көрерменнің апасы, зейнеткер-ұстаз Сәбира Есенқызы.

Айта кетейік, «Ер Төстік» жанры – поэтикалық драма. Авторы – ақын Қасымхан Бегманов, ал режиссері – Еркебұлан Қабыл.

ҚЫЗҒАЛДАҚ

Иә, бұл Наурыз бұрынғы Наурыздан өзгереді. Ол енді жаңа сипатта тойланып жатыр. Наурызнама онкүндігінің мақсаты – осы уақытқа дейін қалыптасқан тұжырымды түбегейлі өзгерту емес, көне мерекенің бастапқы мәнін қайтарып, оның қыр-сырын толық ашу.



Биылғы тағы бір ерекшелік, Наурыз мерекесінің бірегей логотипі бекітілді. Логотиптің басты символикасы – үш қызғалдақ. Бұл нәзік гүл қазақ халқы үшін Наурыз мерекесінің жарқын белгісі ретінде қабылданған. Балаларымыз ежелден-ақ қызғалдақты аялаған. Оны жұмақтың гүлі деп санаған.

Байлық пен биліктің символы саналатын қызғалдақ көктемде жердің тоңы жібіп, күн жылынғанда гүлдеп, дала төсін кілем төсеп тастағандай әдемілікке бөлейді. Өздеріңізге мәлім, қызғалдақтың тарихи отаны – біздің Қазақстан. Олар осыдан 10 миллион жыл бұрын еліміздің оңтүстігінде, Тянь-Шань тауларының етегі мен жазығында пайда болған деседі. Ал бүгінде әлемде қызғалдақтың 3 мыңнан астам түрі бар көрінеді. Солардың басым көпшілігі біздің Ұлы дала қызғалдағының тамырынан тараған. Қазір елімізде қызғалдақтың 35 түрі өседі. Соның 18-і «Қызыл кітапқа» енген.

Наурыз логотипіндегі үш қызғалдақтың қауызы сарғылт, қызыл және сары түске боялған. Сондай нәзік көрінеді, жанға жылулық береді. Қазақ халқында үш саны да киелі саналады. Мәселен, кешегі тарих, бүгінгі шақ және бізді күткен болашақ; үштіктен құралған адамның болмысы – тән, жан және рух; ер жігіттің өз жұрты, нағашы жұрты және қайын жұрты; түркі мифологиясында кездесетін әлем ағашы тамыр, діңі және жапырақтан тұрады. Тағы да солай жалғастыра беруге болады. Ең бастысы – жақсылықтардың жаршысындай болған нәп-нәзік үш қызғалдақ үлкен жүк көтеріп, ізгі мейрамның ізетін биіктетіп тұрғандай.



Экскурсияны «Музей педагогикасы және экскурсия» бөлімінің қызметкерлері Шолпан Нұғманова мен Гүлденай Бекбаулиева музейдің «Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері» және «Заманауи сәндік-қолданбалы өнері» тұрақты экспозициялары бойынша жүргізді.

– Қазақ мәдениетінде шаңырақтың алар орны ерекше. Оның тұрмыс-тіршілікте сан қырлы қасиеті бар. Күнделікті тұрмыста шаңырақты қазақтың киіз үйінің төбесінде уықтарды біріктіріп тұратын элемент ретінде қарастырады. Үй тіккенде шаңырақ көтеруді сол әулеттің беделді, абыройлы ер-азаматына

«Музей педагогикасы және экскурсия» бөлімінің қызметкері Гүлденай Бекбаулиева.

Музейге келген, ұлттық құндылықтар туралы әсерлі әңгімелерге құлақ түрген «Арыстан» мамандандырылған лицей оқушыларына сондай-ақ, ұлы дала мәдениетінің жауһарына айналған киіз үйдің қалай тігілетіні, уық, туырлық, үзік, түндік сынды бөлшектері, оның ішіндегі әрқайсысы пәлсапалық мәнге ие сан алуан тұрмыстық бұйымдары жайында да қызықты хәм танымдық мәліметтер таркатылды. Бұл, әсіресе, бүгінгі жас буын – ертеңгі бір-бір үйдің егесі, отағасылары үшін тағылымды болды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТҮЙІН:

Ертең, яғни 20 наурыз – Ұлттық спорт күні еліміздің барлық аймағында түрлі жарыстар ұйымдастырылады. 21 наурыз – Ынтымақ күні жалпы халық бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулық пен бірлікті насихаттауға арналады. 22 наурыз – Жыл басы. Бұл күні еліміздің барлық өңірінде жалпыхалықтық мәдени-спорттық іс-шаралар өткізіліп, киіз үйлер тігіліп, түрлі жәрмеңкелер ұйымдастырылып, мәдени іс-шаралар өтеді. Ал 23 наурыз – Тазару күні. Үйіміз, қора-қопсымыз, айналамыз, көшеміз, бәрі-бәрі, тіпті, жанымыз да тазартатын күн.



МУЗЕЙ

«САНДЫҚ ӘЛЕМДЕГІ ҚЫЛҚАЛАМ ҚҰДІРЕТІ»

атты интерактивті экспозициясының тұсаукесері өтті

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінде Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамын тойлаудағы жаңа тұжырымдамаға сәйкес, мереке мазмұнын жаңа идеялық мағыналармен толықтыру, жаңарту, ынтымақтастық пен ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған «Наурызнама» онкүндігінің мәдениет, өнер және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге арналған үшінші «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр» күні Орталық музей қорындағы қазақстандық суретшілердің туындыларынан алғаш рет «Сандық әлемдегі қылқалам құдіреті» интерактивті экспозициясының тұсаукесер салтанаты өтті.

Екі ғасырлық тарихы бар Орталық музейдің қорында 273 мыңнан астам музейлік құндылық сақталған. Оның ішінде бейнелеу өнері коллекциясында он мыңға жуық көркем туынды жинақталса, 4723 сақтам бірлігін кескіндеме және графикалық жұмыстар құрайды. Осы коллекция негізінде алғаш рет келушілер назарына ұсынылып отырған тың жоба – интерактивті экспозицияда Орталық музейдің бейнелеу өнері коллекциясында шығармалары сақталған 52 қазақстандық суретшінің ішіндегі 10 қылқалам шеберінің бейнелеу өнерінің кескіндеме және графика бағытында орындалған этнографиялық тақырыптағы, сондай-ақ, пейзаж, портрет жанрындағы майлы бояу мен акварель техникасында орындалған 100 жұмысының сандық форматтағы көрсетілімі таныстырылды.

Интерактивті экспозицияның мақсаты – музей қорында сақталған бейнелеу өнері туындыларын, қазақстандық суретшілердің шығармашылығын насихаттау, олардың туындыларына қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде атрибутацияланып, сандық форматқа ауыстырылған туындылар қатарында қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы, әйгілі су-

ретші Әбілхан Қастеевтің «Неке кию рәсімі», «Киіз үйде», «Сүндетке отырғызу», «Колхоздағы той» кескіндеме жұмыстары мен «Жәңгір ханның портреті», «Амангелді Иманов», «Абай», «Жамбыл», «Дина Нұрпейісова», сонымен қатар Орталық музейдің 1947-1948 жылдары Семей, Павлодар және Қарағанды облыстарына жасаған экспедиция барысында салған графикалық жұмыстары енген.

Сонымен қатар, ХХ ғ. қазақ халқының өмірі мен тұрмысын шынайы бейнелеген орыс суретшісі Н.Г.Хлудовтың «Түйемен жер жырту», «Бие сауу», «Астық жинау», «Тоғызқұмалақ», пейзаж жанрындағы «Хан-Тәңірінің баурайы», «Үлкен Ақсу мұздығы», «Тау», «Өткелде» жұмыстары, қазақ қыздарының арасынан шыққан алғашқы суретші Айша Ғалымбаеваның «Ыстықкөл. Кеш», «Апорт», «Ақын Мәриям Хакімжанованың портреті», «Қыз Жібек роліндегі К.Байсейітованың портреті», Гулфайрус Исмаилованың портрет жанрындағы «Е.Рахмдиевтің портреті», «КСРО Халық әртісі Е.Серкебаевтың «Жұмбақ қыз» операсында Сәкен роліндегі портреті», «Олжас Сүлейменовтің портреті» туындылары бар. Сондай-ақ, қазақ бейнелеу өнерінің көшбасшылары – Үкі Әжиевтің «Тың»,



«Ы.Жақаев өзінің шәкірттері арасында», «Өмір жолы», биылғы жылы 100 жылдық мерейтойы аталып отырған Нағым-Бек Нұрмұхаммедовтың тарихи тұлғаларға арналған «Әбу-Бәкір Диваев», «Қадырғали Жалайыри», «Ыбырай Алтынсарин», «Шоқан Уәлиханов», Молдахмет Кенбаевтың «Әліби Жангелдиннің отряды», «Верныйдағы демонстрация», Сахи Романовтың «Мұхаммед Хайдар Дулати портреті», «ҚазКСР Халық әртісі Е.Өмірзақовтың портреті», «С.Есөваның портреті», ұлттық пейзаж өнерінің жетекші шебері, ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ бейнелеу өнері тарихында өзіндік жарқын із қалдырған Жанатай Шарденовтың «Кеш. Бүлікшіл таулар», «Аязды талтүс», «Найзағайдан кейінгі таулар», «Мизам шуақ» жұмыстары және абстракт-

ционизм және сюрреализм стилінде жұмыстанатын Алпысбай Қазығұловтың қылқаламынан туындаған «Сұлудың серуені», «Күз», «Батыр», «Даладағы сағым» шығармалары бар. Жоғарыда аталған суретшілердің туындыларын Қазақстанның бейнелеу өнеріне қосылған жауһарлар деп бағалауға болады.

Аталмыш экспозицияны жүзеге асыру барысында Орталық музей мамандары үш айға жуық уақыт жұмыстанды: суретшілердің туындыларын цифрлы форматқа ауыстыру, өңдеу, мәліметтер базасын қалыптастыру жұмыстары қарқынды жүргізілді. Сонымен қатар, жұмысты әрі қарай жалғастыру үшін цифрландыру жұмыстары бойынша орындалған ғылыми жоба ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне ұсынылды. Қолдау та-

былған жағдайда музейлік жәдігерлердің 3D моделін жасау, оны дауыстық сүйемелдеумен жүзеге асыру жоспарланғандығын Орталық музей директоры Р.Е.Харипова атап өтті.

Интерактивті экспозицияның ашылу салтанатына қатысқан Ресей этнографиялық музейінің Кавказ, Орталық Азия және Қазақстан этнографиясы бөлімінің жетекшісі Л.Ф.Попова «Сандық технологияның алтын ғасыры салтанат құрған бүгінгі таңда музей жәдігерлерін сандық форматқа ауыстыру, олардың 3D моделін жасау бойынша ауқымды жұмыстардың қарқынды жүргізіліп отырғаны мені қуантады және музей қызметінің экспозициялау бағытында да өз жалғасын тауып отырғаны дәл кезінде қолға алынған.

Қазіргі таңда музейлер кеңістігінде интерактивті экспозициялар құру келушілермен қарым-қатынастың және мәдени-білім беру, экспозиция-көрме жұмыстарында негізгі құралдардың бірі болып отыр. Ақпараттық технологиялар қарыштап дамыған, инновациялар деңдеп енген цифрландыру дәуіріндегі атқарылған жұмыстарыңыз жалғасын тапсын», – деген пікірін білдірді.

Экспозицияның ашылу салтанатына қылқалам шеберлері, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Парасат» орденінің, Еуропалық өнер одағының Масарик атындағы құрметті сыйлығының иегері Алпысбай Қазығұлов, Ресей этнографиялық музейінің Кавказ, Орталық Азия және Қазақстан этнографиясы бөлімінің жетекшісі Л.Ф.Попова, О.Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжінің оқытушылары мен студенттері, музей қонақтары қатынасты.

САЛТ-ДӘСТҮР



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«НАҒЫЗ ҚАЗАҚ – ДОМБЫРА»

Алматыдағы Н.Сац атындағы балалар театрында «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр» күніне орай 200-ге жуық домбырашы жиналып, қазақ күйлерін орындады.

Қазақ халқының төл өнері жайлы сөз қозғағанда, ең алдымен домбыра еске түседі. Домбыра – қазақ халқының асыл қазынасы. Қос ішекті кара домбыраның үнінде Ұлы даланың тамыры терең тарихы мен сан ғасырлық шежіресі бар. Кең даланы мекен еткен қазақ жұртының ең аяулы да қасиетті музыкалық аспабы домбыраның бірде күмбірлеген, бірде шертілген ойлы дыбысы құлаққа жағымды, жүрекке жақын, оның күмістей сынғырлаған үні талай сырдың басын қайырады. Сымдай тартылған қос ішектен сан ғасырдың сан алуан сипаты ақыл-ойы, көңіл күйі жатыр. Домбыра – көшпелі елдің көнекөз шежіресі, көпті көрген қарияның көкірек күйі.

Мерекелік іс-шарада мемлекеттік «Даму бала» бағдарламасы аясында үйірмеге қатысушы оқушылар жиналып, «Адай», «Ерке-

сылқым», «Балбырауын» сияқты танымал туындыларды орындады. Тыңдармандардың құлақ құрышын қандыратын күйге сөз жоқ. Барлық домбыра бір уақытта шертілгеннен келушілер рухани байыды десек, артық етпес. Күйшілердің арасында ең жасы 6 жасар Әли екен. Ол болашақта мықты күйші болып, елімізді әлемге танытқысы келетінін алға тартып отыр.

Негізі мұндай іс-шаралар келешек ұрпақты ұлттық құндылықтарымызды қадірлеуге тәрбиелейді. Сонымен қатар, осы акцияның арқасында домбыра үйренуге деген жастардың қызығушылығы арттырылды. Еске сала кетейік, биыл Өз-Наурыз мерекесі жылдағыдан ерекше өтуде. Ендеше, атадан балаға мұра болып сарқылмай жеткен ұлттық құндылықтарымызды әлі де жандандыра, жарқырата түсуіміз керек іспетті.

ЧЕЛЛЕНДЖ

ЖАСТАР ЖАРҚЫРАҒАН КҮН

Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне орай Алматы қаласының комьюнити-орталығында қала жастары ұлттық мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді кеңінен насихаттау мақсатында тәтіландырылған көрініс дайындады. Іс-шара қонақтарына ұлттық тағамдардан дәм татқызып, қонақжайлылықтың әдемі үлгісін көрсетті.

Іс-шараның мақсаты – ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қазақтың салт-дәстүріндегі ұлттық өнегені насихаттау дейді ұйымдастырушылар.

«Наурыз мейрамы – көктемгі жаңару мерекесі, көктемгі күн мен түннің теңесуімен тұспа-тұс келетін жаңа жылдың басы, бұл махаббаттың, құнарлылық пен достықтың салтанат құру мерекесі. Бұл мереке бізді өз мәдениетіміз бен туған жерімізді құрметтеуге, елімізде тұратын түрлі ұлттар мен ұлыстар арасындағы татулық пен өзара түсіністікті сақтауға ұмтылуға үйретеді. Наурыз мейрамын тойлау жастардың көшпелілер өркениеті туралы білімдерін қалыптастыруға, тарихи ұғымдар туралы білімдерін арттыруға, көшпенділер мәдениеті мен қазақ халқының тарихына деген құрмет пен сүйіспеншілікті тәрбиелеуге мүмкіндік



береді», – деді Алмалы ауданы комьюнити-орталығының жетекшісі Бағдат Анарбаева.

Сонымен қатар, Наурызнама онкүндігі аясында, қаланың белсенді жастары «National day» челленджін бастады. Челлендж аясында жастар ұлттық киімдердің заманауи нұсқасын ұсынып, челленджге қосылуға шақырды. Заманауи ұлттық киімдерді «AR» демалыс орталығының белсенділері жасаған.

«Осы іс-шара аясында біз

ұлттық киім әдемі ғана емес, сонымен қатар жастар үшін өте стильді және күнделікті өмірде ыңғайлы болатынын көрсеткіміз келді», – деп атап өтті іс-шараны ұйымдастырушылар.

Айта кетейік, Наурыз мейрамы аясында қаладағы барлық комьюнити-орталықтарында жастарға арналған түрлі іс-шаралар жоспарланған.

Бетті әзірлеген
Ернұр РЫСБАЙ.

НАУРЫЗ-НАНЫМ

ДАЛА ДАНАЛЫҒЫ

Қазақтың салт-жоралғысының бәрі жақсылыққа үндейді, биік болмысымызды бекіте түседі

Наным-сенім, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдар да бізбен бірге жасасып келе жатқан, бабаларымыздан жеткен, даналардың ақыл-ойынан туған тұнып тұрған қазақы құндылықтар. Әлі күнге қазақы қалпымыздан айны-мауда үлкен рөл атқарып келе жатқан, пәлсапалық байлам-пайымға ие сондай құндылықтарымыздың бір парасын тарқатып көрейік.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

КІНДІК ШЕШЕ

— Бірге оқыған сыныптас құрбым бар еді, арамыз көптен алыстап кеткен-ді. Сол босаныпты. «Кіндік шеше болшы, қызым сен сияқты тасты жарып шығар пысық болар ма екен», — деп отыр. Осымен үшінші балаға кіндік шешемін, — деді Жұлдыз, кеудесінде мақтаныш сезімі де жоқ емес. Ол өзі аузы жеңілдеу, сөзге үйір, көрінген жерге бас сұға беретін, бас пайдасы үшін «керек адамды» көптеп ұстайтын, өзі жығылып жатса да сүрінгенге күлгіш, «кімнің үйінде қанша тауық бар, ол қанша жұмыртқалады», соның бәрінен хабардар болып отыратын қыз (әйел де емес) еді. Біздің екеуіміз де естіп отырған Сәуле апай:

— Кіндік шеше болудан, өз басым, қашып жүремін, — деді.

— Неге? — дедім аңтарыла қарап.

— Жалты, адам алдымен «Мен өзі періште сәбиге кіндік шеше болуға лайық жанмын ба осы?», — деп ойланғаны абзал.

ЕРТЕДЕ әйел үйде босанатын болғандықтан, нәрестенің кіндігін кескен әйел «кіндік шеше» деп аталды. Ал қазір перзентханадан шығарып алған адам сол құрметке ие болып жүр. Оның міндеті: нәресте қырынан шыққанша барлық дәстүрлі жөн-жоралғыны жүзеге асырады. Мәселен, шілдехана-сын өткізгеннен бастап, бесікке салу, киімін дайындау, азан шақырып ат қою, қарын шашын алдыру, т.б. рәсімдерді атқарады.

Қазақ дәстүрінде бөбектің ата-анасы кіндік шеше мен кіндік әкеге ат мінгізіп, шапан жауып, көйлек кигізетін болған. Ал қазір заман ағымына қарай кіндік шешеге алтын сырға салу үрдіс алды.

ҚАЛЫҢМАЛ

Шымкенттік құрбым үйіне шақырды. Жуырда кенже інісі үйленіп, сонда барып келген-ді. Әншейінде ешкімге сыр алдыра қоймайтын, жақсы мен жаманды асықпай таразылайтын, ешнәрсе асығыс шешім қабылдамайтын ол жаңа түскен келініне көңілі толғанып бірден жария етті.


— Құдай-ау, өзі бір жапырақ болып алып бәрінің көңілін тапқыш. Сырттан кіргендерге іліп сәлем салады. Таңертең шешеммен бірге тұрып алып, сыыр сауатын шелегін салдырлатып алып қораны беттеп бара жатады, — деді Бану риза кейіппен.

— Осы сендер жақ қызық, ә? Таң атпай тұрып алып есіктің алдын сыпыру керек дей ме. Сендерде келінді күн сияқты ұстайды, ә? — бұл көрші келіншектің сауалы.

Бану, рас, шамданып қалды. Онысын сездірткісі келмей, әлде дауласып жатуды орынсыз санады ма, үндемеді. Ал әлгі келіншек Бануды «жеңілдіге» санап әңгімесін ары қарай жалғап әкетті:

— Сендер жақта қызды сататыны рас па? Қалыңмал дегені, естіп отырсаң, бір сұмдық, қиын қызық.

ЖАЛПЫ, ҚАЛЫҢМАЛ қызды сатып алу үшін төленетін құн емес, ол қалыңдық-тың жасау-жабдығына, сәукелесіне, той малына, басқа да кәделі алыс-берістеріне жұмсалатын қаражат көлемінге сай берілетін төлем. Мынадай да тұжырым есімде қалыпты: қалыңмал дегеніміз — қалыңдыққа және оның анасына көрсетілген сый-сияпат, құрмет. Өйткені, қырық жеті (қалың-



Қарикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ

малдың негізгі бөлігі) деген малдың саны емес, 40 рет жеті, яғни қырық апта — бұл сәбидің ана құрсағында болу мерзімі — 9 ай 9 күнге жуық уақыт. Қазақта қырық, жеті сандары қасиетті болып саналады. Әлемде жеті қат көк бар, әр қат көктің қырықтан періштесі, яғни қырық түрлі жақсылығы, ізгілігі болады. Ана құрсағындағы болашақ тіршілік иесінің әр күні періштенің бақылауында болатын көрінеді. Яғни күнге оған бір періште қамқорлық жасап отырады екен.

Қалыңдық малы деп шартты түрде аталғанымен, ол қалыңдықты 9 ай 9 күн көтерген, жарық дүние сыйлап, тәрбие берген анасына деген тарту дейді. Сонымен қатар, рухани күштерді, яғни періштелерді құрметтеу, солардың ізгілігіне ана арқылы бас ию.

«Келінді күн сияқты ұстайды» деген жаңсақ пікір болар. Әр үйдің босағасын аттаған келін өзінің парызын адал атқарып жүрсе, оны ері, ата-енесі, сол шаңырақ, көрші-қолаң, тіпті ауыл-аумақ та қадрлейді. «Өзі бір көргенді бала» деп төбесіне көтере мақтайды емес пе.

Мен қазақтың қазіргі келіндерін де шешелеріміздің тұсындағы ибалы, ізетті, парасатты келіндер келбетінде көргім келеді.

АУЫЗ ТИЮ

Ел-жұрттың ілтипатына бөленіп жүрген бір үлкен азаматтың үйінде болдық, газет тапсырмасымен. Сұхбаттасым, яғни сол кісі «нан ауыз ти, айналайын» деуге жарамдады.

Бұрын студент кезімізде бөлмеде тіске басар ештеңе болмаса да, есіктен кірген құрбыға «шай қоямын, отырсаңшы» деген ишарамызды жасап, темір шайнегімізді ала жүзгіретінбіз.

Кейбір бүгінгі қала қазақтары ата-баба-

сынан келе жатқан ізгі дәстүрді ұмытып та кеткен-ау. Үлкендер білмесе, кішіден не күтерсіз?!

АУЫЗ ТИЮ, дәм ауыз тию — ежелден келе жатқан ғұрыптарымыздың бірі. Үйіне кім келсе де, қазақ дәм ауыз тимей аттандырмаған. Тіпті, тамактанатын уақыт емес, бей-мезгіл шақта да келген кісіге «нан ауыз тиініз» деп дастарханға нан қояды.

«Қазақта ертеңгі асты тастама, кешкі асқа қарама» деген нақыл сөз бар. Яғни дәстүр бойынша үйіне бас сұққан адам таңертеңгі астың үстінен түссе, міндетті түрде дастархан басына тізе бүгуге тиіс. Ал ертеңгі асқа қарамаған жағдайда, әйелдерге — «күйеуің тастап кетеді», ерлерге «қатының қашып кетеді» деген ырымды әзіл турасында айтқан көрінеді.

Қалай десек те, дәм ауыз тигізу қонаққа, жолаушыға, асқа деген ерекше ықыласты танытатын ізгі дәстүр.

ШЫН КӨЙЛЕК

Құрбым екеуіміз әңгімеден әңгіме туындап, анамызды еске алдық. Менің шешемнің көз жұмғанына бірер жылдың жүзі болған. Әңгімеді жалғастыра алмай, тамағымна тас тығылып, көзім жасаурай берді.

Құрбым бір кезде:

— Шын көйлек дегенді естуің бар ма? — деп маған бажайлай көз тастады.

— Жоқ, ол не көйлек? — дедім таңданысымды жасыра алмай.

ТҮЙІН:

Әрине, дәстүрдің озығы бар, тозығы бар. Бірақ қазақтың ешбір салт-жоралғысы жамандыққа үндемейді, керісінше, біздің биік болмысымызды бекіте түседі. Тал бесіктен — жер бесікке дейінгі өміріміздің мағыналы болуына жетелейді.

— Қыз бала шешесінің көзі тірісінде жиырма төрт метр ақ мата алып қоюы керек екен. О дүниелік болғанда адам сол матамен оралады. Мәселен, менің анам өз шешесіне ертерек алып қойған, — деді ол.

— Е-е, түсіндім, — дедім мен де бірдеңеден хабарым бар екенін сездіртпін. — Ертерек алынып қойылған ақ мата сандық түбінде жатып, «қара жер қойнынан кірмесем екен, осылай сандық түбінде тап-таза болып жата берсем» деп, тірі адамға ғұмыр тілеп жатады деген наным-сенім барын естігенмін.

ҚҰРБЫМНЫҢ айтып тұрғаны — кебін. Қайтыс болған кісінің денесін орайтын ғұрыптық киім есебіндегі ақ мата. Халық арасында «шын киім» деген атауы да бар екен. Тағы бір құлағымда қалғаны, өлім «бардың малын шашамын, жоқтың артын ашамын» дейді екен, сондықтан «мен өлгенде күлкіге қалмаңдар» деген қазақ қиын-қыстау уақытқа тап келіп, қиналып қалмасын деген оймен, ақ матаны солай ертерек алып қоятын болған деседі. Тіпті, өте алысқа ұзатылған қыздардың жасауына қоса ертеде ақырет киімін де салатын болған екен. Оны қоржын сөккен кезде ашпай-ақ матаға орап, түйіп қоятын болғандықтан, жұрт оның не екендігін айтпай-ақ түсінген.

Ертеде ауқаттылар өлікті торғын, жібекпен де «киіндірген». Жоқшылық, зобалаң жылдары қазақтар мәйітті қамысқа, киізге де ораған деседі. Адам киімсіз жерленбейді, ешкімі жоқ болған жағдайда оның кебіндік матасы сол ауылдың болысынан алынған екен. Жаугершілік уақытта шайқасқа, қауіпті сапарға аттанған ерлер өздерімен бірге ақырет киімін алып жүретін болған. Қазақ халқы, міне, өлімді жөнелту салтына да осыншалықты мән беріп, марқұмды о дүниеге арулап, құрметпен шығарып салған.

ЖЫЛУ ЖИНАУ

Әселдің туған сіңлісі қайтыс болды деген хабар келді. Суыт хабардан есеңгіреп қалған ол қатты састы. «Сонау Қарағандыға қалай жетемін? Кеше алған жалақымды да жұмсап қойып едім» — алғашқы ойы осы болды. Сонда ақ жасулықты ана бастаған көрші-қолаң: «Мың теңгеден болса да жинап береміз, қысылмай айт, қарағым», — деп кіріп келмесі бар ма.

ӨЛДЕБІР БАҚЫТСЫЗ жағдайға ұшырап, малынан немесе үй-мүлкінен айырылып қалған жанға туған-туысы, көрші-қолаңы қолдарынан келгенше ауыздарынан жырып тұрып, көмек көрсетеді. Мұны «жылу» деп атайды. Басына іс түскен жанға қауымдасып жылу беру — адамгершіліктің қасиеттің биігі.

БАЗАРЛЫҚ

Кезекті еңбек демалысына шығып, ауылға жиналдым. Екі үлкен сөмкемен құрбым, оның қайынсіңлісі — үшеуіміз теміржол вокзалына келдік.

— Түү-у, сонша не салып алғансыз, қара зіл гой сөмкеңіз, — деді құрбымның сіңлісі.

— Туған жерге жылына бір барғанда базарлық дегенді осылай көтеріп апармасақ, жұмыс істеп, ақша тауып жүргеніміз кәні?!

— Мен вообщее ешнәрсе апармаймын. Пусть олар маған берсін! Ағаларымның бәрі бай тұрады, — деді әлгі бойжеткен.

ЖОЛАУШЫЛАП КЕЛГЕН не жәрменкеден қайтқан адамдардың ағайын-туысына, көрші-қолаң, балаларға ірілі-ұсақты, алуан түрлі тарту-таралғы әкеліп, базарлық үлестіру де — ертеден келе жатқан дәстүр. Ниеттес, тілектес адамдарына бұлайша сый-сияпат жасау салты өзара сыйластықтың, жарасымды алыс-берістің, ынтымақ-бірліктің жарқын көрінісі. Мұндай сый-сияпат та ағайынның арасын жалғап, жылылық орнатуға дәнекер болған.

Ал үлкен шаһардан тәтем келді деп алдыңнан бірдеңе дәмепіп құлдыраңдай жүгіріп шыққан балақайларға тәтті үлестіріп не бет сүртетін орамал сыйлап жатсаң, қандай жарасымды!



КӨРМЕ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ
салған суреттер көз тартады

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің Орталық көрме залында «НейроҚазақстан–2024» деп аталатын, Алматыдағы ең инновациялық өнер көрмесі ашылды. Көрме түрлі саланы жасанды интеллект көзімен көрсететін 120-дан астам картинадан тұрады.

Ғажапты көргісі келетін жандар еліміздің табиғаты, сәулеті, тағамдары, нейрондық желілердің көмегімен жасалған материалдық мәдениет элементтері туралы балама шолуды көре алады. Жасанды интеллект – бұл машиналарға адамдар сияқты ойлауға және әрекет етуге мүмкіндік беретін компьютерлік технология. Жасанды интеллектті қолдану аясы іс жүзінде шексіз: технологиялық сектор, медицина, ғылым және т.б. Бір қызығы, дәл қазір сіз оқып отырған баспасөз мәлімдемесі мәтінінің 69,7%-ы осы жасанды интеллект арқылы жасалған.

Жобаның шарықтау шегі көрме жобасы үшін арнайы жасалған иммерсивті «цифрлық эволюция» фильмі болады. Келушілер фильмді мультимедиялық залдың қабырғалары мен еденіне проекциялау арқылы идеялар мен материя әлемін бейнелі түрде қайта елестете алады. Сонымен қатар, қазақстандық авторлардың жұмыстары басты көрмені толықтырады. Сондай-ақ, ұйымдастырушылар көрмемен қызықты түрде танысуға мүмкіндік беретін тақырыптық квест дайындады және әр адам тікелей смартфоннан көрмеге арналған аудиогидті тыңдай алады.

Көрме орындалған және мұқият егжей-тегжейлі, бірегей топтамада өнер сүйер қауымның да, технология әуесқойларының да назарын аударатын жұмыстар бар. Нейрожелі салған суреттерді көруге асығыңыздар! Көрме 27 сәуірге дейін жалғасады.

Нұр ЖАМАЛ.

ОРАЗАДАҒЫ ОЙ

МЕЙІРІМ МЕКТЕБІ

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

ИМАН мен ИБА

Таксидемін. Жүргізуші жер үйлер жаққа бұрылды. Көше қараңғы.

– Біреудің аманаттаған заты бар еді, соны беріп кетейін, – деді. Бізге ескерткені.

Қараңғы тар көшеге келіп тоқтады. Сыртқа машинасының жарығы түсіп тұр. Әлдекімге «ағасы, қоңырау соғып жіберсең өзін, телефонды алмай тұр» деді бір кезде.

Сәлден соң үйден 19-20 жастағы қыз шықты. Желең. Шашы ұзын, буып қойылты. Көрікті өзі. Затты беріп жатқан жүргізуші жігіт ағасына тіктеп бір қарамады, телефонын шұқылап тұр. Затты жеткізген адамның қызметі үшін ақша аударайын деп жатыр ма екен. Бір кезде телефонының сыртқы қабын ашып, сонда тұрған ақшаны алып, жүргізушіге берді. Ішке кіріп кетті.

Мен үшін иман, иба бет-ауызды бүркеп тастайтын хиджабта емес. Қыз баланың ер адамға тіктеп қарамағанының өзі – имандылығы. Өткенде ТікТок-та бір қыз (әлде келіншек) хиджабының сыртынан қалай сырға тағуға болатынын көрсетіп тұр құрбысына. Сырғаны орамалының сыртынан тесіп іліп қойды. Жаным-ау, құлақтың сырғалығы да әуретті жер ме сонда? Түсінсем бұйырмасын!

Сырға да әйел затының көркін үстей түсетін сәндік аксессуар ғой. Ертеде қазақ қыздары таққан күміс сырға, білезік, шашбау, шолпы қандай еді! Қазір де тағып жүрміз. Ертең Наурызда бәріміз қуана-қуана тағатын боламыз.

ЖОЛАУШЫ ӘЙЕЛ

Қала іргесіндегі ауылға қатынайтын 203-ші автобуска отырдық. Келесі аялдамадан бір әйел мінді. Қысқа шашы таралмаған, үстіндегі күртесінің етегі батпаққа малынған. Етігі де. Күртесінің алды ашық. Етігінің сыдырмасы да. Масандау. Ішкілікке енді салына бастағаны байқалды. Қазақ әйел. Бір кезде автобус ішін жағымсыз иіс алып кетті. Қолқаны қаба бастады.

– Түсіріп тастау керек, – деді бір еркек. Жанындағы екінші оны еркек қостады.

НАУРЫЗ–ДӘМ

ӨРМЕТӨСТІК
ұмыт бола бастаған тағам

Алматының Әуезов ауданына қарасты «Мамыр» ықшамауданында тұратын Шынар Жақыпақын – қазақтың ұмытылып бара жатқан ұлттық тағамдарының бірі – өрметөстікті әзірлеудің қыр-сырын жете меңгерген жан.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қызметпен бірге үй тірлігін қатар алып жүрген Шынар Нұрдаулетқызы бүгінде Наурызбай ауданына қарасты №188 мектеп-гимназияда география пәнінен сабақ береді. Білікті маманның өзге ұстаздардан ерекшелігі, ол педагогикалық жұмыстардан бөлек, оқушыларды табиғатты сүйеге, қоршаған ортаға қамқорлық танытуға үндейтін арнайы «Экоәлем» деп аталатын ұйымға жетекшілік етеді. Қоғамдық жұмыстарға да белсенді атсалысатын ұстаз 2023 жылы мұғалімдер арасында өткен «Ұлы дала тұлғалары. Ұлы дала есімдері» атты қалалық байқауда II орынды жеңіп алған. Жобалық жұмысын «Өнеге етем қызыма – өзгеше астың түр-түрін» деп атапты. Шынардың тағы бір қыры, ол үнемі дәмді тағамдарымен отбасын, үйге келетін сыйлы қонақтарын қуанып жүретін қасиеті бар. Әсіресе, ұмытылып бара жатқан өрметөстікті ерекше әзірлейді.

Наурыз мерекесі қарсаңында біз Шынар Нұрдаулетқызына жолығып, ұлттық тағамды кімнен үйренгенін, дайындалу тәсілін сұраған едік.

– Өрметөстікті өруді маған анам үйретті. Ал анам әжемнен үйренген. Бала кезімде әжемнің ішектерді көз ілеспейтін жылдамдықпен саусақтарына біресе орап, біресе шешіп жататын қымылдарына таңырқай қарап ұзақ отыратынмын. Тіпті, қызығатынмын. Бұл тағамды әзірлеуді қазір анам немересі Ажарға үйретіп жүр, – дейді Шынар әңгіме барысында. Кейіпкеріміздің анасынан үйренген тағамы бұл ғана емес. Ол қойдың ұлтабарынан да ерекше ас – «үйрек» те жасай алады.

Ұлттық тағамдарға қатысты айтары көп ұстаз әңгімесін әрі қалай былай деп жалғастырды: «Бізге қазақтың тағамдары өте майлы, денсаулыққа зиян деген бір түсінік бар. Менің ойымша, бұл дұрыс пікір емес. Мәселен, өрметөстікті үйге күйеу бала келгенде құрмет белгісі ретінде алдына қойған. Ол – қойдың төс етінен жасалып, сырты аш ішекпен өрілетін қазақтың ұлттық тағамы. Өкініштісі, қазір көп адамдар қой сойғанда оның ішек-



қарнын тастай салуға дайын тұрады. Ал ішек-қарында адам ағзасына пайдалы заттар көп. Онда жастықты сақтайтын коллаген мен эластан секілді дәрумендер бар. Менің арманым – қазақтың ұлттық тағамдарын шетелдерден қонақтар арнайы іздеп келетіндей деңгейге жеткізу. Сондықтан ұлттық тағамдарды Наурызда ғана дастарханымызға қоймай, күнделікті ішіп-жеуді әдетке айналдырсақ, құба-құп, – дейді ол.

Қой сойылған күні өрметөстігін жасап, ортасына үйрегін қондыратын Шынардың ерекше тағамын жары Алтайдың да, ұл-қыздары Сұлтан мен Ажардың да сүйсініп жейтін асы. Кейіпкеріміздің айтуынша, үйіне келген қонақтар да өрметөстікті дастарханға қойған кезде таңқала қарап, суретке түсіріп, әлеуметтік желіге салып жататын көрінеді.

– Қазақтың ерекше ұлттық тағамы ел арасына көбірек танылуы үшін құда құту, қыз ұзату, есік-төр көрсету секілді той-қуаныштарда ұсынып, көпшілікті тәнті етуге болады, – дейді Шынар Нұрдаулетқызы.

Заман өзгеріп, уақыт алға жылжыған сайын дастархан мәзірімізге жаңадан қосылып жатқан тағамның түрі көп. Десек те, Шынар әзірлейтін тағамды көпшілігіміз біле бермеуіміз мүмкін.

Бірақ екеуінен басқа жүргізуші де, өзге жолаушылар да жол бойы ләм-мим демеді.

– «Кәусардан» түсемін, дұрыс келе жатырмын ба? – деп сұрады әйел көпшілікке қарата.

– Иә, иә, осы автобус барады, – деді жолаушы аққұба әйел.

Отырамын деп те ұмтылмай, шеткерірек бұрышта тұрып келген әлгі әйел, аяғы талды білем, босаған орынға барып отырды. Жанындағы әйел тұрып кетті, артық ештеңе айтқан жоқ. Автобус «Кәусар» аялдмасына таяғанда бағанағы аққұба келіншек артқы жақтағы орнынан тұрып келіп масаң әйелді иығынан түртті.

– Өтіп кетпеңіз, сіз қазір түсесіз, – деді де, өз орнына қарай кетті.

Ішкен әйел «Кәусардан» түсті. Терезеден қарап отырмын. Қас қарайған шақ. Дала суық болды ма, әйел кеуде тұсын қаусыра ұстап, кеш қараңғылығына сүнгіп кетті...

ЖАҚСЫЛЫҚ

Метроға кірдік. Автобуспен 30 минут жүретін жерге 9 минутта зыр еткізіп жеткізіп салады. Мұнда көбіне жастар жүреді. Алматы – жастар қаласы. Төлем жасайтын жерге келгенде, бір бозбаланың картасында ақша болмай шықты.

– Сендер жүре беріндер. Сондарыңнан барам, автобуспен, – деп еді, арғы бетке өтіп алған екі досы өкінген кейіппен тұрып қалды. Кеткісі жоқ екеуінің де. Бергі беттегі бозбала да «қап» деп, олардан қалып бара жатқанына өкінгендей.

Кері бұрыла берген оған құрбым:

– Әй, бала, тоқташы, мынаны көрші, бірақ ішінде бар-жоғын білмей тұрмын, – деп сөмкесінің түбінде, біраздан бері қолданылмай жатқан екінші картасын ұсынды. Терминалға басып еді, ішінде ақша бар екен. Бозбаланың көзі жанып кетті қуанғаннан. «Ракмет, апай!» деді «күтқарушы» құрбыма. Екі досы да бірінен соң бірі «рақмет, апай, рақмет» деп, жүгіріп кетті. Асығыс өздері. Мәз. Бөлінбей кетіп бара жатқандары сондай жақсы.

– Жаңағы балалардың көп рақметіне, қуанғанына қуанып келе жатқаным! – деді құрбым.

Жақсылықтың үлкен-кішісі болмайды! Жақсылық жақсылықты шақырады. Ертең бұл жақсылық біздің де балаларымыздың алдынан шығады.



Фото: ашық дерек көзден.



ШЕШІМ

Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің 2024 жылғы 13 наурыздағы №01 шешімі.

Қазақстан Республикасы Әділет департаментінде 2024 жылғы 15 наурызда №1756-02 болып тіркелген.

Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі №01 «Алматы қаласы Алмалы ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерту енгізу туралы

ШЕШІМ:

- Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің «Алматы қаласы Алмалы ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» 2019 жылғы 11 сәуірдегі №01 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1538 болып тіркелген) келесідей өзгерту енгізілсін:
- аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.
- «Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:
- 1) осы шешімнің Алматы қаласы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешімнің Алмалы ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алмалы ауданы әкімі аппаратына жүктелсін.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.ЖӘКІБАЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»

Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының төрайымы

А.КАЛЫКОВА

Шешіміне қосымша
Алматы қаласы
Алмалы ауданы әкімінің
2019 жылғы 11 сәуірдегі
№01 шешіміне 1-қосымша

Алматы қаласы Алмалы ауданы бойынша сайлау учаскелері

№38 сайлау учаскесі

Шекаралары: Варламов көшесінен Абай даңғылымен батысқа қарай солтүстік жағы Сайран өзенінің шығыс жағалауына дейін; Сайран өзенінің шығыс жағымен солтүстікке қарай шығыс жағы Төле би көшесіне дейін; Төле би көшесімен шығысқа қарай оңтүстік жағы Төле би көшесіндегі №286/6, 286/8, 286/5, 286/4, 286/3, 286/1, 286/2 және Қарасай батыр көшесіндегі №345 үйлерді қоса алғанда; одан әрі Қарасай батыр көшесімен шығысқа қарай оңтүстік жағы Волховская көшесіне дейін; Волховская көшесімен оңтүстікке қарай батыс жағы Ұзақбай Құлымбетов көшесіне дейін; Ұзақбай Құлымбетов көшесімен батысқа қарай солтүстік жағы Варламов көшесіне дейін; Варламов көшесімен оңтүстікке қарай батыс жағы Абай даңғылына дейін.

№39 сайлау учаскесі

Шекаралары: Түркебаев көшесінен Абай даңғылымен батысқа қарай солтүстік жағы Варламов көшесіне дейін; Варламов көшесімен солтүстікке қарай шығыс жағы Ұзақбай Құлымбетов көшесіне дейін; Ұзақбай Құлымбетов көшесімен шығысқа қарай оңтүстік жағы Прокофьев көшесіне дейін; Прокофьев көшесімен оңтүстікке қарай батыс жағы Прокофьев көшесіндегі №148 үйді қоса Есенжанов көшесіне дейін; Есенжанов көшесімен шығысқа қарай оңтүстік жағы Түркебаев көшесіне дейін; Түркебаев көшесімен оңтүстікке қарай батыс жағы Абай даңғылына дейін.

№40 сайлау учаскесі

Шекаралары: Прокофьев көшесінен Ұзақбай Құлымбетов көшесімен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Брусиловский көшесіне дейін; Брусиловский көшесімен оңтүстікке қарай (батыс жағы) №163 үйді қоспағанда Есенжанов көшесіне дейін; Есенжанов көшесімен батысқа қарай (солтүстік жағы) Прокофьев көшесіне дейін; Прокофьев көшесімен солтүстікке қарай (шығыс жағы), Прокофьев көшесінің №148 үйді қоспағанда Ұзақбай Құлымбетов көшесіне дейін.

№41 сайлау учаскесі

Шекаралары: Тұрғыт Озал көшесінен Ұзақбай Құлымбетов көшесінің тақ санды жағымен батыс бағытта Прокофьев көшесіне дейін; Прокофьев көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Төле би көшесіне дейін; Төле би көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта Түркебаев көшесіне дейін; Түркебаев көшесінің жұп санды жағымен оңтүстік бағытта Түркебаев тұйық көшесіне дейін; Түркебаев тұйық көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта Тұрғыт Озал көшесіне дейін; Тұрғыт Озал көшесінің тақ санды жағымен оңтүстік бағытта Ұзақбай Құлымбетов көшесіне дейін.

№42 сайлау учаскесі

Шекаралары: Нұрғиса Тілендиев көшесінен Төле би көшесімен батысқа қарай солтүстік жағы Үлкен Алматы өзенінің шығыс жағалауына дейін; Үлкен Алматы өзенінің шығыс жағалауымен солтүстікке қарай шығыс жағы Дүйсенов көшесіне дейін; Дүйсенов көшесімен шығысқа қарай оңтүстік жағы Қараөткел көшесіндегі №163 үйдің шығыс шекарасына дейін; Қараөткел көшесіндегі №163 үйдің шығыс шекарасымен оңтүстікке қарай батыс жағы Қараөткел көшесіндегі №201 үй аумағының шекарасына дейін; Қараөткел көшесіндегі №201 үй аумағының шекарасынан Қараөткел көшесімен шығысқа қарай оңтүстік жағы Төле би көшесіндегі №273А үй аумағының солтүстік шекарасы бойымен шығысқа қарай оңтүстік жағы Лихачев көшесіне дейін; одан әрі «Тастак-2» шағынауданындағы №22, №30, №29, №27, №26 үйлер аумағының шығыс шекарасы бойымен солтүстікке қарай шығыс жағы Дүйсенов көшесіне дейін; Дүйсенов көшесімен шығысқа қарай оңтүстік жағы Нұрғиса Тілендиев көшесіне дейін; Нұрғиса Тілендиев көшесімен оңтүстікке қарай батыс жағы Төле би көшесіне дейін.

№43 сайлау учаскесі

Шекаралары: Дүйсенов көшесінен Прокофьев көшесімен оңтүстікке қарай батыс жағы Ұзақбай Құлымбетов көшесіне дейін; Ұзақбай Құлымбетов көшесімен батысқа қарай

солтүстік жағы Волховская көшесіне дейін; Волховская көшесімен солтүстік бағытта шығыс жағы Қарасай батыр көшесіне дейін; Қарасай батыр көшесімен батыс бағытта солтүстік жағы Варламов көшесіне дейін; Варламов көшесімен солтүстікке қарай шығыс жағы Төле би көшесіндегі №№282, 284, 280, 278 үйлерді қоса алғанда; одан әрі Төле би көшесі бойынша шығысқа қарай оңтүстік жағы Нұрғиса Тілендиев көшесіне дейін; Нұрғиса Тілендиев көшесі бойынша солтүстік бағытта шығыс жағы Дүйсенов көшесіне дейін; Дүйсенов көшесімен шығыс бағытта оңтүстік жағы Прокофьев көшесіне дейін.

№44 сайлау учаскесі

Шекаралары: Нұрғиса Тілендиев көшесінен Дүйсенов көшесімен батысқа қарай солтүстік жағы Даргомыжский көшесіне дейін; Даргомыжский көшесінің тұсындағы «Тастак-2» шағынауданындағы №26, №27, №29, №30, №22 үйлер аумағының шығыс шекарасымен оңтүстікке қарай батыс жағы Лихачев көшесіне дейін; Лихачев көшесінен оңтүстікке қарай Грановский көшесіндегі №96 үй аумағының оңтүстік шекарасымен батысқа қарай солтүстік жағы Қараөткел көшесіндегі №168 үй аумағының оңтүстік шекарасына дейін; Қараөткел көшесіндегі №168 үй аумағының оңтүстік шекарасынан солтүстікке қарай шығыс жағы Дүйсенов көшесіне дейін; Дүйсенов көшесі бойымен батысқа қарай солтүстік жағы Үлкен Алматы өзенінің арнасына дейін; Үлкен Алматы өзенінің арнасымен солтүстікке қарай шығыс жағы Грановский көшесіне дейін; Грановский көшесімен оңтүстікке қарай батыс жағы Грановский көшесіндегі №47 үй аумағының шекарасына дейін; Грановский көшесіндегі №47 үй аумағынан солтүстік шекара бойымен «Тастак-2» шағынауданының №8Б, №9А, №14, №13 үйлер аумағының бойымен және Тілендиев көшесіндегі №35 үйдің шығысында оңтүстік жағы Нұрғиса Тілендиев көшесіне дейін; Нұрғиса Тілендиев көшесінің бойымен оңтүстікке қарай батыс жағы Дүйсенов көшесіне дейін.

№45 сайлау учаскесі

Шекаралары: Түркебаев көшесінен Артем көшесінің тақ санды жағымен батыс бағытта Брусиловский көшесіне дейін; Брусиловский көшесінің тақ санды жағымен оңтүстік бағытта Төле би көшесіне дейін; Төле би көшесінің тақ санды жағымен батыс бағытта Прокофьев көшесіне дейін; Прокофьев көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Дүйсенов көшесіне дейін; Дүйсенов көшесінің тақ санды жағымен батыс бағытта Нұрғиса Тілендиев көшесіне дейін; Нұрғиса Тілендиев көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Кавказская көшесіне дейін; Кавказская көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта, Кавказская көшесіндегі №41 үйді және Брусиловский көшесіндегі №11 үйді қоспағанда, Брусиловский көшесіне дейін; Брусиловский көшесінің тақ санды жағы бойынша оңтүстік бағытта Дүйсенов көшесіне дейін; Дүйсенов көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта Түркебаев көшесіне дейін; Түркебаев көшесінің тақ санды жағымен оңтүстік бағытта Түркебаев көшесіндегі №61 және №63 үйлерді қоспағанда, Артем көшесіне дейін.

№46 сайлау учаскесі

Шекаралары: Тұрғыт Озал көшесінен Артем көшесінің тақ санды жағымен батыс бағытта Түркебаев көшесіне дейін; Түркебаев көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Кавказская көшесіне дейін; Кавказская көшесінің жұп санды жағы бойынша шығыс бағытта Тұрғыт Озал көшесіне дейін; Тұрғыт Озал көшесінің тақ санды жағымен оңтүстік бағытта Артем көшесіне дейін, Түркебаев көшесіндегі №59/87, №61 және №63 үйлерді қоса алғанда.

№47 сайлау учаскесі

Шекаралары: Дүйсенов көшесінен Аносов көшесінің тақ санды жағымен Артем көшесіне дейін; Артем көшесінің тақ санды жағымен Тұрғыт Озал көшесіне дейін; Тұрғыт Озал көшесінің жұп санды жағымен Кавказская көшесіне дейін; Кавказская көшесінің жұп санды жағымен Ислам Каримов көшесіне дейін; Ислам Каримов көшесінің тақ санды жағымен Дүйсенов көшесіне дейін; Дүйсенов көшесінің жұп санды жағымен Аносов көшесіне дейін.

№48 сайлау учаскесі

Шекаралары: Райымбек даңғылынан Брусиловский көшесінің тақ санды жағымен Кавказская көшесіне дейін; Кавказская көшесінің тақ санды жағымен Кавказская көшесіндегі №41 үйді және Брусиловский көшесіндегі №11 үйді қоса Нұрғиса Тілендиев көшесіне дейін; Нұрғиса Тілендиев көшесінің тақ санды жағымен №96 жалпы білім беретін мек-

тептің солтүстік шекарасына дейін; №96 жалпы білім беретін мектептің және «Тастак-2» шағынауданындағы №13, №14, №9А, №8Б үйлер солтүстік шекарасының бойымен Грановский көшесіне дейін; Грановский көшесінің жұп санды жағымен Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылының жұп санды жағымен Брусиловский көшесіне дейін.

№49 сайлау учаскесі

Шекаралары: Райымбек даңғылынан Ислам Каримов көшесінің тақ санды жағымен Тұрғыт Озал көшесіндегі №28 үйдің солтүстік шекарасына дейін; Тұрғыт Озал көшесіндегі №28, №47 үйлердің солтүстік шекарасы бойымен батысқа (солтүстік жағы) Түркебаев көшесіне дейін; Түркебаев көшесінің тақ санды жағымен Дүйсенов көшесіне дейін; Дүйсенов көшесінің тақ санды жағымен Брусиловский көшесіне дейін; Брусиловский көшесінің жұп санды жағымен Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылының жұп санды жағымен Ислам Каримов көшесіне дейін, Түркебаев көшесіндегі №59/87 үйді қоспағанда.

№50 сайлау учаскесі

Шекаралары: Ислам Каримов көшесінен Райымбек даңғылының оңтүстік жағымен Аренский көшесіне дейін; Аренский көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Розыбакиев көшесіндегі №23 үйдің шекарасына дейін, одан әрі оңтүстікке қарай №33/1 сауда павильонының батыс жағымен, содан кейін шығысқа қарай Розыбакиев көшесіне дейін; Розыбакиев көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Дүйсенов көшесіне дейін; Дүйсенов көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Ислам Каримов көшесіне дейін; Ислам Каримов көшесінің шығыс жағымен солтүстікке қарай Райымбек даңғылына дейін.

№51 сайлау учаскесі

Шекаралары: Аренский көшесінен Райымбек даңғылының оңтүстік жағымен шығыс бағытта Әуезов көшесіне дейін; Әуезов көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Райымбек даңғылындағы №206Б; 206К; 206, 206Е, 210/12 корпус 2, 210/12 корпус 1 үйлерді қоса алғанда Төле би көшесіне дейін; Төле би көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Розыбакиева көшесіне дейін; Розыбакиева көшесінің шығыс жағымен, содан кейін көтерме базар сауда павильонының №33/1 үйінің оңтүстік шекарасы бойымен батысқа бұрыламыз; одан әрі солтүстікке қарай сауда павильонының №33/1 үйінің шығыс жағымен Розыбакиев көшесінің №23 оңтүстік үйіне дейін, содан кейін батысқа қарай Аренский көшесіне дейін; Аренский көшесінің шығыс жағымен Райымбек даңғылына дейін.

№52 сайлау учаскесі

Шекаралары: Ислам Каримов көшесінен Абай даңғылының тақ санды жағымен Түркебаев көшесіне дейін; Түркебаев көшесінің жұп санды жағымен Есенжанов көшесіне дейін; Есенжанов көшесінің батысқа қарай (солтүстік жағы) Брусиловский көшесіне дейін; Брусиловский көшесінің солтүстікке қарай (шығыс жағы) №163 үйді қоса Ұзақбай Құлымбетов көшесіне дейін; Ұзақбай Құлымбетов көшесінің шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Ислам Каримов көшесіне дейін; Ислам Каримов көшесінің тақ санды жағымен Шәкәрім көшесіне дейін, Шәкәрім көшесімен батысқа қарай (солтүстік жағы) Тұрғыт Озал көшесіне дейін; Тұрғыт Озал көшесінің батыс жағымен Абай даңғылына дейін.

№53 сайлау учаскесі

Шекаралары: Қарасай батыр көшесінен Аренский көшесімен оңтүстік бағытта батыс жағынан Ұзақбай Құлымбетов көшесіне дейін; Ұзақбай Құлымбетов көшесімен шығыс бағытта оңтүстік жағы Верещагин көшесіне дейін; Верещагин көшесімен оңтүстік бағытта шығыс жағы Қарасу көшесіне дейін; Қарасу көшесімен оңтүстік бағытта шығыс жағы Жамбыл көшесіне дейін; Жамбыл көшесімен шығыс бағытта оңтүстік жағы Розыбакиев көшесіне дейін; Розыбакиев көшесімен оңтүстік бағытта батыс жағы Абай даңғылына дейін; Абай даңғылымен батыс бағытта солтүстік жағы Тұрғыт Озал көшесіне дейін; Тұрғыт Озал көшесімен солтүстік бағытта шығыс жағы Шәкәрім көшесіне дейін; Шәкәрім көшесімен шығыс бағытта оңтүстік жағы Ислам Каримов көшесіне дейін; Ислам Каримов көшесімен солтүстік бағытта шығыс жағы Қарасай батыр көшесіне дейін; Қарасай батыр көшесімен шығыс бағытта оңтүстік жағы Аренский көшесіне дейін.

№54 сайлау учаскесі

Шекаралары: Розыбакиев көшесінен Жамбыл көшесінің жұп санды жағымен Гагарин даңғылына дейін; Гагарин даңғылының тақ санды жағымен Шевченко көшесіне дейін; Шевченко көшесінің жұп санды жағымен Айманов көшесіне дейін; Айманов көшесінің тақ санды жағымен Құрманғазы көшесіне дейін; Құрманғазы көшесінің тақ санды жағымен Гагарин даңғылына дейін; Гагарин даңғылының тақ санды жағымен Абай даңғылына дейін; Абай даңғылының тақ санды жағымен Розыбакиев көшесіне дейін; Розыбакиев көшесінің жұп санды жағымен Жамбыл көшесіне дейін, Гагарин даңғылындағы №100 үйді және Абай даңғылындағы №141 үйді қоса.

№55 сайлау учаскесі

Шекаралары: Гагарин даңғылынан Құрманғазы көшесінің жұп санды жағымен Ключков көшесіне дейін; Ключков көшесінің тақ санды жағымен Абай даңғылына дейін; Абай даңғылының тақ санды жағымен Гагарин даңғылына дейін; Гагарин даңғылының жұп санды жағымен Құрманғазы көшесіне дейін; Гагарин даңғылы №100 үйді және Абай даңғылындағы №141 үйді қоспағанда.

№56 сайлау учаскесі

Шекаралары: Ключков көшесінен Шевченко көшесінің жұп санды жағымен Әуезов көшесіне дейін; Әуезов көшесінің тақ санды жағымен Абай даңғылына дейін; Абай даңғылының тақ санды жағымен Ключков көшесіне дейін; Ключков көшесінің жұп санды жағымен Шевченко көшесіне дейін, Әуезов көшесіндегі №64/1, №64/2, №64/3, №64/4, №66/5 үйлерді, сондай-ақ Шевченко көшесіндегі №164Г үйді қоса.



СТИПЕНДИЯ

ШӘКІРТАҚЫ МӨЛШЕРІ
АРТА БЕРЕДІ

Бір кездері студенттерге тұрақты түрде беріліп келген 40 сом стипендияның көлемі қазір жыл сайын еселеп өсіп отыратын болған. Бұл, әрине, нарықтағы тұрақсыз бағаның әсері әрі ел экономикасының жақсаруынан болып отырғаны белгілі. Сонымен, стипендияны ұлғайту биыл да жалғасып жатыр. Мәселен, 2025 жылға дейін бакалаврларға жыл сайын 20 пайыз, магистранттар мен докторанттардың стипендиясы 15 пайызға артып отыр.

Биыл 1 қыркүйектен бастап студенттер тағы да қомақты қаржыға қол жеткізді. Мәселен, бакалавриаттар – 47 135 теңге, (үздік студенттер – 54 205 теңге), педагогикалық бағыттар бойынша – 75 600 теңге, (үздік студенттер – 86 940), магистранттар – 107 061 теңге, (үздіктерге – 123 120 теңге), докторантурада білім алып жатқандардың стипендиясы 240 000 теңгеге жетті.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

ОҚУШЫЛАР КӨКТЕМГІ ДЕМАЛЫСТА
ҚАНША КҮН ДЕМАЛАДЫ?

Мектеп оқушыларының көктемгі демалысына да санаулы күндер қалды. Биыл көктемгі каникул 21 наурызда басталып, 31 наурызға дейін жалғасады. Оқушылар бұл мезгілде 11 күн демалатын болады. Сондай-ақ, төртінші – шешуші тоқсанда 8 оқу аптасы бар. Мамырдың 25-і күні жылдың қорытындысы шығарылып, оқу жылы аяқталады. Дәстүрлі жазғы демалыс уақыты үш айға созылады.

КӨРМЕ

Болашақ қолөнер шеберлері
бас қосты

Оқушылар сарайының көрме залында дәстүрлі «Алтын қазына» биыл да жалғасын тауып отыр. Оған қаламыздағы барлық мектептің болашақ қолөнер шеберлері қатысып, ең үздік туындыларын ұсынды. «Алтын Қазына» көрмесі көркем және сәндік-қолданбалы өнер түрлері бойынша өтті.



Ұйымдастырылып отырған көрменің маңызы өте зор. Өйткені, қазіргі кезде жастар арасында қолөнерге деген қызығушылық жоқ десе де болады. Сондықтан қалалық Білім басқармасы мен Оқушылар

сарайының ұжымы оқушылардың бұл қадамын қуана қолдап, қолдау білдіріп отыр.

Ұйымдастырылып отырған көрменің басты мақсаты – мектеп оқушыларының қолөнерге деген қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау. Сонымен қатар, олардың мәдени құндылықтар туралы таным дүниесінің кеңейе түсуіне қолау көрсету, – дейді Оқушылар сарайының басшысы Айгүл Болатбекқызы.

Байқауға қатысқан алматылық оқушылар келешекте нағыз қолөнер шеберлері шығатынын дәлелдеп, түрлі тақырыптағы туындыларымен қуантты.

Дайындаған
Рая ЕСКЕНДР.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 10 айға – 5361,2 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 10 айға – 7361,2 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 10 айға – 3361,2 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті «Ұлы дала таңы» (Қасымхан) көркем фильмін шығаруға жасалған шарттарды орындау мәселесі бойынша «Қазақфильм» АҚ-да жоспардан тыс сәйкестік аудитін жүргізді. Фильмнің жалпы бюджеті 3 млрд теңгені құрайды, ал аудит нәтижесінде 2 млрд теңгеден астам бұзушылықтар анықталды. Сондай-ақ, аудитпен «Қазақфильм» АҚ-мен үлестес ұйымдармен қатысу және өзара есеп айырысу фактілері, мемлекеттік тапсырманы орындау үшін бөлінген ақша қаражатын киностудия қызметкерлерінің карт-шоттарына заңсыз аудару, шығыстарды негізсіз есептен шығару және басқа да бұзушылықтар анықталды.

Келтірілген залал сомасы 419,9 мың теңгені құрады. Бүгінгі күні Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаментімен сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп жатқан тексеру материалдары Алматы қаласының прокуратурасына берілді.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта Алматы қаласының Ішкі мемлекеттік аудит департаменті «Мұқағали Мақатаев» көркем фильмі бойынша материалдарды құқық қорғау органдарына беруге дайындалуда, онда 70 млн теңге сомасына бұзушылықтар анықталды.

Белгіленген бұзушылықтар, сайып келгенде, Қазақстанның ірі киностудиясының үдемелі дамуы мен материалдық-техникалық жарактандырылуын тежейді, бұл нәтижесінде отандық киноны дамыту бойынша қойылған міндеттерді орындай алмауға әкелуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2024 жылғы 12 наурыздағы №32-НК бұйрығымен «Алатау» емдеу-сауықтыру кешені» ЖШС жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау» бекітілді, 04.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі:

Орташа сату тарифі 1 Гкал үшін 5376,19 теңге (ҚҚС-сыз);
– коммуналдық жылууды есепке алу аспаптары жоқ жеке тұлғала – 1 Гкал үшін 4900,00 теңге (ҚҚС-сыз);
– коммуналдық жылууды есепке алу аспаптары бар жеке тұлғалар – 1 Гкал үшін 2450,00 теңге (ҚҚС-сыз);
– коммуналдық жылууды есепке алу аспаптары жоқ басқа тұтынушылар (занды тұлғалар) – 1 Гкал үшін 6530,72 теңге (ҚҚС-сыз);
– коммуналдық жылууды есепке алу аспаптары бар басқа тұтынушылар (занды тұлғалар) – 1 Гкал үшін 3265,36 теңге (ҚҚС-сыз).

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2024 жылғы 12 наурыздағы №33-НК бұйрығымен, «Алатау» емдеу-сауықтыру кешені» ЖШС тарату желілері арқылы сумен жабдықтау қызметтерінің тарифтік сметасы бекітілді, 01.04.2024 бастап қолданысқа енгізіледі:

Орташа сату тарифі бір м³ үшін 56,67 теңге (ҚҚС-сыз);
– жеке тұлғалар (халық саны – м³ үшін 54,00 теңге (ҚҚС-сыз);
– Коммуналдық есепке алу аспаптары бар басқа тұтынушылар (занды тұлғалар) – м³ үшін 82,62 теңге (ҚҚС-сыз).



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 862 30 08 телефондары арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 412

Кезекші редактор –
Айнабай МӘДИ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Гамма-принт» ЖШС-де басылды. 050063, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 369. Тел.: 247-98-30
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

САУАЛНАМА

КӨКТЕМ КЕЛДІ, КӨКТЕМ КЕЛДІ, САҒЫНА...

Төңірекке көктем күн күліп, көктемнің хабары келіп жеткендей. Қалың қардың көбесі сөгіліп, жылғалардан су ақты, жылы жақтан құс қайтты. Осылайша кезегін күткен көктемге амалсыз жол беріп «кәрі құда» қыс та сырғып бара жатыр...

*Көзімнің жауын алдыңдар,
Армандар қайта тірілген.
Қайтадан жас боп қалдым ба,
Көктемгі әннен, дірілден, –*
деп Тұманбай ақын жырлаған көктемнің келіп қалғаны ма? Неге өзіміз де, көзіміз де көкке түсе береді десек, қыр астында көктем тұр екен-ау... Осы ретте «Көктемнен қандай өзгеріс күтесіз?» деген сауалнама жүргізген едік.

Исраил САПАРБАЙ,
ақын:

«Наурызек» деген құс келетін

Әрине, адамның өмірінің өзі осы жыл мезгілдері сияқты кезең-кезеңнен тұрады ғой. Көктемде басталып, қыспен аяқталады дегендей. Оның үстіне ақынның жыр деп соққан жүрегі көктемді қалай сағынбасын. Шыны керек, қазір өзі табиғат та біртүрлі боп кетті ғой. Әйтпесе, біздің бала күнімізде көктемнің хабарын алғаш «наурызек» деген құс әкелетін. Сол құстың даусын ести сала, аналарымыз «е-е, көктем келіп қалыпты» деуші еді. Деревтер қаптың түбін қағып, наурыз көже қамына кірісетін. Сол құс қазір бар ма екен өзі? Әлде, мен оның даусын естіп жүрген жоқпын ба?

Майра ИЛЪЯСОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі:

Шабыт беретін кез келді

Мен де осы көктем десе, елең ете қалатын кісілердің бірімін. Өйткені, мамырдың дәл бірі күні дүниеге келгенмін. Соның да әсері бар-ау деймін. Бала күннен басталған сол сағыныш әлі күнге дейін мені тербеп келеді. Көктемнің хабаршысындай болған «Жан анам» деп аталатын концерттік бағдарламама биыл тура 19 жыл толды. Жақында ғана елордамызда дүркіретіп атап өттік. Енді 3 мамыр күні «Сағындырған әндер-ай» деген концерттімізді өткізгелі отырмын. Репертуарыма да біраз жаңа әндер енгіздім. Сосын өнер сапарымен еліміздің біраз жерін шарлап қайтсам ба деймін. Өнер адамдарына шабыт беретін де осы мезгіл ғой.

Марат ОМАРОВ,
әнші-композитор:

Көктемнің кереметін сезінгенге не жетсін!

Қазір мен отбасыммен Американың Лос-Анджелес қаласында тұрып жатырмын. Мұнда қыс дегеніміз мүлдем болмайды екен. Он екі ай бойы күн жып-жылы болады да тұрады. Дегенмен, тіршіліктің бастауы болған көктемнің кереметтігін сезінгенге не жетсін. Көктемді күтіп, оны қарсы алғаннан артық бақыт бар ма? Жалпы, шығармашылық адамы ретінде менің де өнердегі жолым



осы көктемде басталды. Менің «Әке туралы ән», «Анашым», «Ойна, жастар!», «Алғашқы махаббат», «Наурыз», «Қыз сыны» деген танымал әндерімнің барлығы осы көктемде туған. Көктемнің менің шығармашылығымға тікелей әсері көп болды. Бір кездері Лұқпан Есенов деген керемет режиссер ағамыз болды ғой. Сол ағамыздың перзентіндей болған «Тамаша» ойын-сауық бағдарламасында алғаш рет әнімнің тұсауы кесілді. Ол да сол көктем айы болатын. Сондықтан көктемнің менің өмірімде, тіпті өнерімде орны ерекше деуге болады. Сондықтан көктемді ылғи күтіп, сағынып жүремін. Адам алыста жүргенде туған жер, өскен ортасы туралы тіпті көп ойлайды екен. Оның үстіне біздің Алматының көктемі тым ерекше ғой. Қалай сағынбайсың?..

Раушан ДҮЙСЕБАЙҚЫЗЫ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

Сәулелі сәттерімнің куәсі

Менің өмірімнің ең бір сәулелі сәттері көктеммен байланысты екен. Көктемде дүниеге келдім, көктемде ағаммен таныстым. Сосын көктемде үй болып, балалар да көктемде дүниеге келген екен. Мен ұзақ жыл білім саласында қызмет еттім. Сол кезде көктемде мектеппен қоштасқан талай ұрпақтың алғашқы қадамына куә болып, үлкен өмір жолына шығарып салдым. Қарап отырсаңыз, адам да балалық шағымен осы көктемде қоштасатын сияқты. Сондықтан көктем келсе, сол бір сағынышқа айналған жас кезімді, әріптес аға-апаларымды еске алып, бір қуанып, бір мұңайып қаламын.

Өмірқұл АЙНИЯЗОВ,
дәстүрлі әнші:

Енді қар жауа қоймас

Халқымыз үшін де көктемнің орны ерекше. Ертеректе көктем келісімен ата-бабаларымыз қыстаудан жайлауға, сайдан қырға көшкен ғой. Мұның өзі көктемнің шаруашылыққа, көшіп-қонуға ыңғайлы екенін көрсетеді. Бала күнімізде әкеміз қора-қопсыны жайғап, қыс бойы жиналып қалған көнді аударып, анамыз көрпе-жастығын күннің көзіне жайып, үйдің іші-сыртын әктеп жататын. Сол үрдіс әлі де жалғасып келеді. Күннің көзі жылт етіп еді, бізде ауламызды жиып-теріп бір жасап қалдық. Енді біраз күнде бау-бақша ексең пе, қар жауа қоймас деп отырған жәйіміз бар.

Мадияр СЕРІКБАЕВ,
актер:

Көктемге еркелейтін сияқтымыз...

Көктем келсе жұмыс та көбейеді. Неге екенін қайдам, жыл бойы қажетсіз заттарды балконға тастай беретін әдетіміз бар ғой. Сосын «ертең көктемде жинап-теріп аламыз» дейміз. Ақыры өзіміз жинайтын болған соң, сол жұмысты қыстың күні де жинап тастауға болады ғой. Міне, соған қарағанда біз көктемге еркелейтін сияқтымыз. Бұл енді үйдегі ұсақ-түйек. Дегенмен, қай саланы алсаңыз да, көктемде жұмыс қызады. Ән де, сән де жарасым табады. Ең бастысы, еліміз аман, жеріміз тыныш болсыншы!

Әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



Газетіміздің келесі саны 29 наурыз, жұма күні шығады.

ҰЛТТЫҚ БАНК:
ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 488,55 теңге

\$ USD/KZT 448,58 теңге

₽ RUB/KZT 4,88 теңге

¥ CNY/KZT 62,34 теңге